

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ

Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**ҚҰРЫЛЫСҚА АРНАЛҒАН ЖОБАЛАУ-СМЕТАЛЫҚ
ҚҰЖАТТАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, КЕЛІСУ,
БЕКІТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰРАМЫ**

**ПОРЯДОК РАЗРАБОТКИ, СОГЛАСОВАНИЯ,
УТВЕРЖДЕНИЯ И СОСТАВ ПРОЕКТНО-СМЕТНОЙ
ДОКУМЕНТАЦИИ НА СТРОИТЕЛЬСТВО**

ҚР ҚН 1.02-03-2022
СН РК 1.02-03-2022

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму
министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального
хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития
Республики Казахстан

Нур-Султан, 2022

АЛҒЫ СӨЗ

1 ӘЗІРЛЕГЕН

«ҚазҚСҒЗИ» АҚ

2 ҰСЫНҒАН

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы

3 МІНДЕТТІ НЕГІЗДЕ ҚОЛДАНУ ҮШІН БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 152-НҚ бұйрығымен 01 тамыздан 2022 жылдан бастап қолданысқа енгізілді

4 ОРНЫНА

ҚР ҚН 1.02-03-2011*

ПРЕДИСЛОВИЕ

1 РАЗРАБОТАН

АО «КазНИИСА»

2 ПРЕДСТАВЛЕН

Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ ДЛЯ ПРИМЕНЕНИЯ НА ОБЯЗАТЕЛЬНОЙ ОСНОВЕ

Приказом Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан №152-НҚ от 20 июля 2022 года введен в действие с 01 августа 2022 года

4 ВЗАМЕН

СН РК 1.02-03-2011*

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	2
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	4
4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
5 ЖОБАЛАУ-СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ ӨЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ.....	5
6 ЖОБАЛАУ-СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ КЕЛІСУ ТӘРТІБІ.....	9
7 ЖОБАЛАУ-СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ БЕКІТУ ТӘРТІБІ.....	9
8 ОБЪЕКТІЛЕРДІ ЖОБАЛАУҒА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАРДЫ (АТШ ҚҰЖАТЫ – ЕРЕКШЕ НОРМАЛАР) ӨЗІРЛЕУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ.....	10
9 ЕКІ САТЫЛЫ ЖОБАЛАУ КЕЗІНДЕ ЖОБАЛАУ-СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН МАЗМҰНЫ.....	13
10 БІР САТЫЛЫ ЖОБАЛАУ КЕЗІНДЕ ЖОБАЛАУ-СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН МАЗМҰНЫ.....	27
11 ОБЪЕКТІНІ КЕЙІННЕН КӘДЕГЕ ЖАРАТУҒА (БҰЗУ, БӨЛШЕКТЕУ) ЖОБАЛАУ СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ ҚҰРАМЫ.....	30
12 ҚҰРЫЛЫС МЕРЗІМІ ҮШ ЖЫЛДАН АСАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ КҮРДЕЛІ ОБЪЕКТІЛЕРДІ ЖОБАЛАУ МЕН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕ ТӘРТІБІ	33
13 ЖОБАЛАУ-СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ ҚҰРАМЫНА КІРМЕЙТІН ҚҰЖАТТАМА (ІЛЕСПЕ МАТЕРИАЛДАР).....	33
<i>А-қосымшасы (ақпараттық)</i>	
Осы құрылыс нормаларында пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар.....	34
<i>Б-қосымшасы (міндетті)</i>	
Өндірістік мақсаттағы объектілерді жобалауға арналған тапсырма	37
<i>В-қосымшасы (міндетті)</i>	
Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерді жобалауға арналған тапсырма	39
<i>Г-қосымшасы (ақпараттық)</i>	
Объектілердің құрылысында жобаға (жұмыс жобасына) енгізілетін техникалық- экономикалық көрсеткіштердің (ТЭК) үлгі тізбелері	42
<i>Д-қосымшасы (міндетті)</i>	
Объектілер құрылысына арналған жобалар (жұмыс жобалары) паспорттарының нысандары.....	49
<i>Е-қосымшасы (міндетті)</i>	
Негізгі материалдардың, бұйымдардың, конструкциялар мен жабдықтардың қажеттілігі бойынша жиынтық.....	57

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының «Құрылысқа арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі және оның құрамы» Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілерінің, сондай-ақ экономикалық дамыған елдердің шетелдік тәжірибесін зерделеу негізінде әзірленді және құрылыстағы инвестициялық процестің жобалық кезеңінде қаралатын мәселелер шеңберін қамтиды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**ҚҰРЫЛЫСҚА АРНАЛҒАН ЖОБАЛАУ-СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ,
КЕЛІСУ, БЕКІТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰРАМЫ**

**ПОРЯДОК РАЗРАБОТКИ, СОГЛАСОВАНИЯ, УТВЕРЖДЕНИЯ И СОСТАВ
ПРОЕКТНО-СМЕТНОЙ ДОКУМЕНТАЦИИ НА СТРОИТЕЛЬСТВО**

Енгізілген күні—2022-08-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы құрылыс нормалары жобалық құрылысқа арналған жаңа құрылыстарды салу және (немесе) құрылыстағы объектілерді өзгертуді (кеңейтуді, жаңғыртуды, техникалық қайта жарақтандыруды, реконструкциялауды, қалпына келтіруді, күрделі жөндеуді) қосқанда, жобалық (жобалау-сметалық) құжаттаманың (бұдан әрі – жобалық құжаттаманың) құрамы мен оны әзірлеу, келісу, бекіту, тәртібін белгілейді және Қазақстан Республикасының аумағындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің барлық субъектілерінің, оның ішінде мүдделі мемлекеттік органдардың, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалардың, шетелдіктердің және шет ел заңды тұлғаларының қолданылуына арналған.

1.2 Жобалау-сметалық құжаттаманың түрлері үшін ортақ болып табылатын жекелеген ережелерді қоспағанда, осы мемлекеттік норматив:

жоба алдындағы құжаттамаларын;

қала құрылысы жобаларын;

сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтарда орналасқан немесе өзге де ерекше геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайлары бар екі қабаттан жоғары жеке тұрғын үйлер салудан басқа, жеке тұрғын үйлер салу жобаларын;

көп пәтерлі тұрғын ғимараттағы пәтерлерді және өзге де жекелеген тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды немесе оның тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды өзгертуге байланысты емес бөліктерін (бір функционалдық мақсат шеңберінде) қайта жоспарлау (реконструкциялау, қайта жабдықтау) жобаларын;

эксперименттік жобаларды (эксперименттік құрылыс салудың жобалық құжаттамасын);

қолданыстағы сәулет және қала құрылысы ескерткіштерін салуға (реконструкциялауға, қалпына келтіруге, кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға және күрделі жөндеуге) жобалау-сметалық құжаттаманы;

Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерде объектілерді салуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы;

Қазақстан Республикасының қатысуымен мемлекетаралық (халықаралық) жобаларын әзірлеуге, келісуге, бекітуге, құрамы мен мазмұнына қолданылмайды.

1.3 Өнертабысты немесе басқа да авторлық құқық объектілерін қолдану, сонымен қатар жобалау (жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және келісу) процесі барысында пайда болған авторлық құқықты немесе әзірлеушілердің басқа құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім).

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242-ІІ Заңы.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ «Азаматтық қорғау туралы» Заңы.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚР Заңы.

«Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 маусымдағы № 645 Қаулысы.

«Объектілерді террористік тұрғыда осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысы.

Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы бмамырдағы № 305 қаулысы.

«Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 129 бұйрығы.

«Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығы.

«Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 бұйрығы.

«Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығы.

«Бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 304 бұйрығы.

«Сәулет, қала құрылысы және құрылыс каталогтарын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 701 бұйрығы.

«Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 бұйрығы.

«Мемлекеттік нормативтерді әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және қолданысқа енгізу (қолданылуын тоқтата тұру, күшін жою) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 890 бұйрығы.

«Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттардың, сондай-ақ медициналық бұйымдардың шекті бағалары мен үстеме бағаларын реттеу және қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-247/2020 бұйрығы.

«Медициналық бұйымдардың оңтайлы техникалық сипаттамалары мен клиникалық-техникалық негіздемесіне сараптамалық бағалауды жүзеге асыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы № ҚР ДСМ-1 бұйрығы.

«Экологиялық бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 30 шілдедегі № 280 бұйрығы.

«Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2022 жылғы 26 мамырдағы № 286 бұйрығы.

«Мемлекеттік инвестициялардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілердің құрылысына арналған жоба алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын сараптамалық ұйымдарға және Бірыңғай мемлекеттік электрондық банкке электрондық-сандық нысандағы техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттамасын қалыптастыру және ұсыну жөніндегі мемлекеттік нормативті бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті Төрағасының 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 106-НҚ бұйрығы.

«Құрылыстағы баға белгілеу бойынша нормативтік құжаттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті Төрағасының 2017 жылғы 14 қарашадағы № 249-нқ бұйрығы.

«Ғимараттар мен құрылыстар мониторингінің автоматтандырылған жүйесі» ҚР ҚНжЕ 3.02-05-2010.

«Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындарды, ғимараттарды және құрылыс салуды ұйымдастыру» ҚР ҚН 1.03-00-2022.

«Қазақстан Республикасындағы қала құрылысы жобаларының құрамы, оларды әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы нұсқаулық» ҚР ҚН 3.01-00-2011.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативті пайдаланған кезде «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттар тізбесі», «ҚР Ұлттық стандарттары мен ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің каталогы» және «Мемлекетаралық стандарттар каталогы» ақпараттық каталогтары бойынша жыл сайын жасалатын анықтамалық құжаттардың қолданылуын ағымдағы жылғы жағдай бойынша және ай сайын шығарылатын тиісті ақпараттық бюллетеньдерге - ағымдағы жылы жарияланған стандарттардың журналдары мен ақпараттық көрсеткіштері бойынша тексерген орынды. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алған жөн, егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылған болса, онда оған сілтеме берілген

ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құрылыс нормаларында қолданыстағы заңнамада келтірілген ұғымдар, сондай-ақ осы құрылыс нормаларының А қосымшасында келтірілген тиісті анықтамалары бар терминдер қолданылады.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі заңнамасында қарастырылмаған өзге де шаралар болмаса, белгіленген тәртіпте жобалау-сметалық құжаттамасында бекітілмеген объектілер мен олардың кешендерін салу (реконструкциялау, қалпына келтіру, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, күрделі жөндеуден өткізу) сонымен қатар коммуникацияларды тарту, аумақты инженерлік даярлау, абаттандыру және көгалдандыру рұқсат етілмейді.

4.2 Құрылысқа арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, келісу, сараптамадан өткізу және бекіту (қайта бекіту) кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 701 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12423 болып тіркелген) сәйкес жыл сайын қалыптастырылатын «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және нормативтік техникалық құжаттардың тізбесі» сәулет, қала құрылысы және құрылыс 1-каталогына қосылған сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қолданыстағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтерді басшылыққа алу қажет.

Құрылыс объектілерін ақпараттық модельдеу технологияларын пайдалана отырып құрылыс объектілеріне арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезінде де СҚҚК-1-ге қосылған ҚОАМТ қолдану бойынша мемлекеттік нормативтерді басшылыққа алу қажет.

4.3 Жаңа объектілер салу немесе қолданыстағы объектілерді өзгерту үшін жобалау құжаттамасы жоба (Ж) немесе жұмыс жобасы (ЖЖ) сатыларға сәйкес әзірленеді және осы құрылыс нормаларының 7-бөлімге сәйкес бекітіледі.

4.4 Жоба (Ж) сатысындағы жобалау-сметалық құжаттама мемлекеттік инвестициялар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражатын тарта отырып іске асырылатын объектілер үшін құрылыстың нормативтік ұзақтығы 36 (отыз алты) ай және одан астам объектілер салу үшін, қалған барлық объектілер үшін 24 (жиырма төрт) ай және одан астам, құрылыс салу үшін жұмыс құжаттамасымен (ЖҚ) әзірленеді, ол жобалау кезінде бастапқы берілген параметрлер, сипаттамалар, конструкциялық сызбалар немесе жекелеген көлемдік-жоспарлау, инженерлік - техникалық және технологиялық жобалау шешімдерін нақтылауды және талдап тексеруді талап етеді.

Жоба (Ж) жобалау алдындағы құжаттаманың қорытындылары мен көрсеткіштері (бар болса) негізінде әзірленеді.

(Ж) сатысында қабылданған жобалық шешімдерді нақтылау және нақтылау жұмыс құжаттамасын (ЖҚ) әзірлеу кезінде жүзеге асырылады, ол сараптамаға жатпайды, Тапсырыс берушімен келісіледі және бекітіледі. Жұмыс құжаттамасының (ЖҚ) жобалық шешімдері жоба (Ж) сатысында қабылданған жобалық шешімдерге сәйкес келуі тиіс.

4.5 Құрылыстың нормативтік ұзақтығы мемлекеттік инвестициялар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражатын тарта отырып іске асырылатын объектілер үшін 36 (отыз алты) айға дейін, қалған барлық объектілер үшін 24 (жиырма

төрт) айға дейінгі объектілерді салуға арналған жобалау құжаттамасы жұмыс жобасы (ЖЖ) сатысында әзірленеді.

Сонымен қатар жұмыс жобасы:

- құрылысын қолданыстағы үлгілік жобалар негізінде (үлгілік жобаны байланыстыру кезінде) не жекелеген үлгілік жобалық шешімдерді (үлгілік құрылыс конструкцияларын, бұйымдарын, тораптарын) қолдана отырып орындау болжанатын объектілер бойынша;

- бұрын әзірленген жеке жобаны құрылыста қайталап немесе көп рет қолдану үшін байланыстыру кезінде (жеке жобаны байланыстыру кезінде);

- құрылыстың нормативтік ұзақтығы мемлекеттік инвестициялар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражатын тарта отырып іске асырылатын объектілер үшін 36 (отыз алты) айға дейін, қалған барлық объектілер үшін 24 (жиырма төрт) айға дейінгі қолданыстағы объектілерді реконструкциялауға, кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарактандыруға, күрделі жөндеуге(ЖЖ) әзірленеді.

4.6 Құрылыстың нормативтік ұзақтығы, сондай-ақ күрделі салымдарды және күнтізбелік жылдар бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемдерін бөлу құрылыстың нормативтік ұзақтығы 6 айдан асатын көлемді және жазық объектілерді, сондай-ақ құрылыстың нормативтік ұзақтығына қарамастан желілік объектілерді жобалау кезінде әзірленетін Құрылысты ұйымдастыру жобасы (бұдан әрі-ҚҰЖ) бөлімінде келтіріледі.

4.7 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 4-1-тармағына сәйкес ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысын регламенттеуді талап ететін жекелеген құрылыс объектілері техникалық-экономикалық негіздемелерге және жаңа объектілер салуға арналған Жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларының 3-тарауында айқындалған ерекше тәртіп бойынша жобаланады және іске асырылады, сондай-ақ қаржыландыру көздеріне қарамастан қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын өзгертуге (реконструкциялау, кеңейту, техникалық қайта жарактандыру, жанарту және күрделі жөндеу) арналған жұмыстарды ұйымдастырады.

Ескертпе - Жеке тұрған ғимарат немесе құрылыс құрылыстың жеке объектісі болып табылады.

4.8 Сараптамалық сүйемелдеу тәртібінде жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын кезең-кезеңімен әзірлеу, жаңа ғимараттар мен құрылыстарды салуға, сондай-ақ қаржыландыру көздеріне қарамастан қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарактандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларының 3-1-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

5 ЖОБАЛАУ-СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ

5.1 Жобалау-сметалық құжаттаманы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобалау қызметінің тиісті түрлеріне (кіші түрлеріне) лицензиялары бар жеке және заңды тұлғалар әзірлейді.

5.2 Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу:

- заңнамада белгіленген тәртіппен тапсырыс беруші мен орындаушы (мердігер, бас жобалаушы) арасында жасалатын жобалау (жобалау - іздестіру) жұмыстарын орындауға мердігерлік (келісімшарт) шарты (бұдан әрі-Шарт);

- осы құрылыс нормаларының Б және В қосымшаларына сәйкес жасалатын және құрылысқа тапсырыс беруші бекітетін жобалауға арналған тапсырмалар негізінде жүзеге асырылады.

5.3 Шартта міндетті түрде:

- «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 1-бабының 31) тармақшасында көрсетілген құрылыс қызметінің түріне және осы құрылыс объектісі бойынша жобалық шешімдерге сәйкес құрылыс объектісінің атауы (құрылыс учаскесінің орналасқан жерін көрсете отырып). Ұқсас ақпарат жобалауға арналған тапсырмада көрсетіледі;

- орындаушы (бас жобалаушы) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес қосалқы мердігерлік шарт бойынша өзге тұлғаларға орындауға беруге ниеттенетін жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) түрлері мен көлемдері не бұл жұмыстар өз күшімен орындалады;

- авторлық қадағалауды жүргізу шарттары (жобаны әзірлеуші келіскен жағдайда).

5.4 Жобалауға арналған тапсырманы тапсырыс беруші дербес не бөгде мамандарды тарта отырып жасайды.

Бұл ретте, құрылыс объектісін құру үшін қажетті жеткізілетін ақпаратқа қойылатын талаптар ҚОАМТ қолдану арқылы іске асырылатын жобалар бойынша тапсырыс берушінің ҚОАМТ қолдану жөніндегі мемлекеттік стандарттарға сәйкес жасалған ақпараттық талаптарында сипатталады.

Ақпараттық талаптарды әзірлеу үшін, тапсырыс берушінің шешімі бойынша қатысуы жобаның тиісті технологиялық міндеттеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін өзге де мамандар тартылуы мүмкін.

Тапсырыс берушінің жобалауға арналған тапсырмасы және ақпараттық талаптары жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі тапсырысты орындауға арналған шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және тапсырыс беруші оларды бекіткен кезден бастап талаптар үшін міндетті болады.

5.5 Бюджеттік қаражат және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен, оның ішінде ҚОАМТ қолдана отырып, объектілердің құрылысына арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезінде жобалауға арналған тапсырма және тапсырыс берушінің ақпараттық талаптарын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері - тапсырыс берушілер бекітеді.

5.6 Тапсырыс беруші құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары көлемінің бір бөлігін жобалауға арналған тапсырмаға қосымшамен сатып алған жағдайда Тапсырыс беруші олардың тізбесін ресімдейді.

5.7 Мемлекеттік инвестициялар есебінен қаржыландырылатын құрылыс объектілерін жобалауға арналған тапсырмада мемлекеттік органдар жобалау құжаттамасының орындалуын мемлекеттік тілде - қазақ, қажет болған жағдайда орыс тілінде көрсетеді.

5.8 Тапсырыс беруші жобалауға арналған тапсырмамен бірге және тапсырыс берушінің ақпараттық талаптарымен ҚОАМТ қолданылған жағдайларда мердігерлік жобалау ұйымына (бас жобалаушыға) мемлекеттік нормативтердің талаптарына, Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларының 10-тармағына сәйкес, Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларының 2 – 4-қосымшаларына және Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту

қағидаларының 25 және 26 талаптарына сәйкес жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу үшін бастапқы материалдарды (деректерді) береді.

5.9 Объектіні (кешенді) жобалау басталғанға дейін 12 айдан ерте емес (бірегей объектілер үшін 6 айдан ерте емес) қолданыстағы нормаларға сәйкес орындалған топографиялық түсірілім материалдары мен геологиялық және гидрогеологиялық ізденістер деректерін қоса алғанда, құрылыс алаңының инженерлік ізденістер материалдары (жер учаскесі мен коммуникациялар төсеу трассалары шекарасында) іздестірулер не жобалау-іздестіру жұмыстары сатысында қалыптастырылады және жобаны әзірлеу үшін бастапқы материалдар болып табылады және жобалау-сметалық құжаттаманың құрамына кіреді.

Инженерлік желілер мен құрылыстардың жобалары барлық сатыларда және барлық түрлерде жергілікті координаттар жүйесінде және биіктіктердің Балтық жүйесінде толыққанды және түзетілген топографиялық түсірілімде (қолданылу мерзімі 1 (бір) жылдан аспайды) орындалады.

5.10 Объект бойынша жобалау алдындағы құжаттаманы әзірлеу талап етілмейтін жағдайларда, жобалауға арналған тапсырмада, қажет болған жағдайда, неғұрлым оңтайлы шешімді таңдауды талап ететін жобалық ұсыныстардың (эскиздердің, сызбалардың, есептердің, негіздемелердің) нұсқаларын әзірлеу көзделуі мүмкін.

Инвестициялық ұсынысқа ТЭН әзірлеуді талап етпейтін мемлекеттік инвестициялық жобалар бойынша тапсырыс беруші жобалауға арналған тапсырмада құрылыстың шекті құнын көрсетеді. Құрылыстың шекті құны қолданыстағы сметалық-нормативтік база (бар болса) және/немесе ұқсас объектілер құнының ірілендірілген көрсеткіштерін қолдана отырып айқындалған есептік құн болып табылады. Құрылыстың есептік (шекті) құнын айқындау және ресімдеу тәртібі Қазақстан Республикасы құрылысының сметалық құнын айқындау жөніндегі нормативтік құжатта жазылған.

Осындай объектілер бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу (келісу, бекіту) процесінде Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларына сәйкес бекітілген инвестициялық ұсыныста көрсетілген құрылыстың шекті құнын арттыруға жол берілмейді.

5.11 Егер сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнамада өзгеше көзделмесе, бекітілген техникалық-экономикалық негіздеме болған кезде жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу (келісу, бекіту) процесінде құрылыстың сметалық құнын ұлғайтуға жол берілмейді. Сонымен қатар, жоба алдындағы кезеңде қол жеткізілген объектінің басқа да негізгі ТЭЖ-тің нашарлауына жол берілмейді.

5.12 Құрылысқа арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу процесінде бекітілген қала құрылысы жобаларында (елді мекендердің бас жоспарларында, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларында, құрылыс салу жобаларында) қабылданған жалпы жоспарлау және көлемдік-кеңістіктік шешімдер талданып тексеріледі, сондай-ақ жобалау алды сатысында (эскиздік жобада) келісілген, жобаланатын объект үшін берілген параметрлер, сипаттамалар, техникалық және технологиялық шешімдер нақтыланады.

5.13 Жобалық шешімдер қабылдау кезінде (жабдықтардың, бұйымдар мен материалдардың ерекшеліктерін қалыптастыру кезінде) мемлекеттік инвестициялар, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен және мемлекеттік-жекешелік әріптестік (концессия) жобалары бойынша қаржыландырылуы көзделетін объектілерді салу үшін «Құрылыс конструкцияларының, бұйымдарының және құрылыс материалдарының тізбесі» сәулет қала құрылысы және құрылыс каталогына (СҚҚК-3) сәйкес материалдық ресурстар мен инженерлік жабдықтардың номенклатурасы қолданылады.

5.14 Жобалау-сметалық құжаттаманың графикалық бөлігі (сызбалар, ерекшеліктер, ведомостар) қағаз жеткізгіште және электрондық тасығыштарда альбомдарға жинақталады,

есептік бөлігін (оның ішінде сметалық бөлігін) қоса алғанда, мәтіндік бөлігі кітаптарға жинақталады және Құрылысқа арналған жобалау құжаттамасы жүйесінің (бұдан әрі – ҚЖКЖ) және Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесінің стандарттарына сәйкес ресімделеді.

5.15 Жобалау-сметалық құжаттамада әрбір бөлімнің (марканың) графикалық материалдарының (негізгі сызбаларының) «Жалпы деректер» парақтарында жобаның бас инженері (жобаның бас сәулетшісі) қол қойған жобаның (Ж) немесе жұмыс жобасының (ЖЖ) мемлекеттік нормативтік талаптарға (Қазақстан Республикасында қолданыстағы мемлекеттік нормативтерге және (немесе) мемлекетаралық нормативтерге) сәйкестігі туралы жазба болуға тиіс. Жалпы түсіндірме жазбаның титул парағында жобалау (бас жобалау) ұйымы басшысының, жобаның бас инженерінің (жобаның бас сәулетшісінің) және жобалау-сметалық құжаттаманың (жобаның, жұмыс жобасының) әрбір бөлімі (маркасы) бойынша жауапты орындаушының (жұмыстар басшысының) қолдары қамтылуға тиіс.

Көрсетілген жазбалар ҚЖКЖ стандарттарына сәйкес ресімделеді.

5.16 Электрондық-цифрлық нысандағы жобалау-сметалық құжаттамасы Техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттамасын электрондық-сандық нысанда қалыптастыру мен сараптамалық ұйымдарға және Мемлекеттік инвестициялардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілердің құрылысына арналған жоба алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының бірыңғай мемлекеттік электрондық банкісіне ұсыну жөніндегі мемлекеттік нормативтің ережелеріне сәйкес дайындалады.

5.17 Жобалау-сметалық құжаттамада күші жойылған үлгілік жобаларға және (немесе) үлгілік жобалау шешімдеріне (үлгілік құрылыс конструкцияларына, бұйымдарына, тораптарына, оның ішінде шығарылуы тоқтатылған), сондай-ақ қолданысы жобалау басталғанға дейін күші жойылған мемлекеттік және (немесе) мемлекетаралық нормативтерге сілтемелерге (жіберілімдерге) жол берілмейді.

5.18 Жобалау-сметалық құжаттамаға оны әзірлеудің нормативтік ұзақтығы ішінде, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, жобалау басталғаннан кейін қолданысқа енгізілген (күшіне енген) жаңа (өзгертілген, толықтырылған) мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтердің нормалары мен ережелері қолданылмайды.

Тапсырыс берушінің қалауы бойынша жаңа (өзгертілген, толықтырылған) мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтер жобалау басталғаннан кейін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл ретте жаңа (өзгертілген, толықтырылған) мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтерді қолдану бас жобалаушымен келісіледі.

5.19 Жобалауды бастау (немесе бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы түзету) күні тапсырыс беруші мен жобалау жұмыстарын орындаушы (бас жобалаушы) арасында жасалған тиісті шартта көрсетіледі. Шартта жобалаудың басталу күні болмаған жағдайда, шарттың күшіне енген күні жобалаудың басталуы болып есептеледі.

Жобалау шарты бойынша міндеттемелерді орындау күні кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін осы құрылыс нормаларының 7.5-тармағында белгіленген мөлшерде аяқталған жобалау-сметалық құжаттаманы тапсырыс берушіге беру күні болып саналады. Шартта жобаны әзірлеушінің авторлық қадағалау жүргізуі көзделген жағдайда, шарт бойынша міндеттемелер объектінің құрылысы аяқталғаннан және жоба бойынша орындалған жұмыстардың сәйкестігі туралы қорытынды берілгеннен кейін орындалды деп есептеледі.

5.20 Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шарттың талаптарында өзгеше көзделмесе, ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысын алған жобалау құжаттамасына өзгерістер енгізу үшін (түзетуге) жаңа шарт

жасалады.

5.21 Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу мерзімдері мемлекеттік нормативтерге сәйкес объектілерді жобалаудың нормативтік ұзақтығына байланысты айқындалады.

Объектілерді мемлекеттік инвестицияларды тартпай жобалау кезінде жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу ұзақтығы шартпен белгіленеді, бұл ретте жобалау мерзімі жобалаудың нормативтік ұзақтығынан алты айдан аспауға тиіс.

Жобалау мерзімдері ұзартылған жағдайда тапсырыс берушінің шешімі бойынша барлық бастапқы деректерді өзектілендірудің міндетті шартымен жаңа шарт немесе шартқа қосымша келісім жасалады.

5.22 Әзірленген жобалау-сметалық құжаттаманы жобалау ұйымы (бас жобалаушы) тапсырыс берушіге «бір терезе» қағидаты бойынша құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу үшін портал арқылы тапсыру үшін электрондық-цифрлық нысанда береді.

Құпиялылық белгісі бар немесе «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар жобалар ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу үшін қағаз жеткізгіште ұсынылады.

6 ЖОБАЛАУ-СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ КЕЛІСУ ТӘРТІБІ

6.1 Жобалау-сметалық құжаттаманы мемлекеттік органдармен және мүдделі ұйымдармен келісу құрылыстың тиісті түрлерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде белгіленген мерзімде және тәртіппен жүргізіледі.

6.2 Жобалау-сметалық құжаттаманы мамандандырылған ұйымдармен келісу, егер қосымша жер учаскесін бөліп беру (аумақты кесіп өту), инженерлік және көлік коммуникацияларындағы өзгерістер, сондай-ақ бастапқы салынған сәулет-эстетикалық, инженерлік-техникалық, өртке қарсы, жарылысқа қарсы және санитариялық талаптар нашарламаса, жұмыс істеп тұрған объектілерді реконструкциялау, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру немесе күрделі жөндеу кезінде жүргізілмейді.

7 ЖОБАЛАУ-СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

7.1 Егер сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамада өзгеше белгіленбесе, жобалау-сметалық құжаттаманы жобалаушыдан алғаннан кейін 3 (үш) айдан кешіктірмей, оны бекіткенге дейін міндетті келісу рәсімінен белгіленген тәртіппен өткен жобалау-сметалық құжаттама бойынша сараптамаға ұсынылады.

7.2 Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа ғимараттар мен құрылыстарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге, кейіннен кәдеге жаратуға) арналған жобалау-сметалық құжаттаманың кешенді ведомстводан тыс сараптамасы ТЭН және ЖСҚ-ның ведомстводан тыс кешенді сараптамасын жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

7.3 Міндетті ведомстводан тыс кешенді сараптамаға жататын, бірақ одан өтпеген және оң қорытынды алмаған объектілер құрылысының жобалары бекітуге жатпайды.

7.4 Бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілер салуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы бекіту, осы құрылыс нормаларына Г-қосымшасына және Бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту қағидаларының

талаптарына сәйкес негізгі бекітілетін техникалық-экономикалық көрсеткіштерді (ТЭК) көрсете отырып, ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы негізінде жүргізіледі.

Басқа қаржыландыру көздері есебінен әзірленген жобалау-сметалық құжаттамашенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысы берілгеннен кейін отыз күнгізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде тапсырыс берушінің (заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің) шешімімен бекітіледі.

7.5 Аяқталған жобалау-сметалық құжаттаманы жобалау ұйымы (бас жобалаушы тапсырыс берушіге қағаз жеткізгіште кемінде үш дана және электрондық-цифрлық нысанда кемінде екі дана мөлшерінде береді. Қосалқы мердігерлер бас жобалаушыға қағаз тасығышта кемінде төрт дана және электрондық-цифрлық нысанда кемінде үш дана мөлшерінде береді.

7.6 Құрылыстың бұрын бекітілген сметалық (есептік) құнын ұлғайтуға байланысты мемлекеттік инвестициялар есебінен қаржыландырылатын жобаны түзету тиісті бюджет комиссиясының оң шешімі болған кезде ғана жүзеге асырылады.

Квизимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты және мемлекеттік емес инвестициялар есебінен қаржыландырылатын, құрылыстың бұрын бекітілген сметалық (есептік) құнын ұлғайтуға байланысты жобаны түзету құрылысқа тапсырыс берушінің (инвестордың) қаржыландыруын тиісінше ұлғайтуды келісу болған кезде жүзеге асырылады.

Бұрын бекітілген жобалау құжаттамасы, егер жобаны іске асыру басталғанға дейін немесе құрылыс, белгіленген объектіні салу барысында объектінің құрылымдық сызбасына, оның көлемдік-жоспарлау, инженерлік-техникалық немесе технологиялық жобалау шешімдеріне, сондай-ақ техникалық-экономикалық көрсеткіштерді қозғайтын өзге де объективті факторларға қағидаттық сипаттағы өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің негізді қажеттілігі туындаса, қайта өңделуі және қайта бекітілуі мүмкін.

Құрылыс процесінде жобалау-сметалық құжаттаманы түзету және қайта бекіту қажеттілігі туындаған жағдайларда, тапсырыс беруші жобалау-сметалық құжаттама құрамында құрылыстың жай-күйі туралы мәліметтерді, бұрын бекітілген жобалау-сметалық құжаттама бойынша орындалған жұмыстар актілерінің көшірмелері негізінде жасалған орындалған және қалған физикалық жұмыс көлемдерінің ведомосын, сондай-ақ орындалған жұмыстар актілерін ұсынады.

Жобалау-сметалық құжаттаманы түзету барысында объектінің техникалық күрделілігі өзгерген жағдайда, түзетілген жобалау-сметалық құжаттамадан сараптама жаңадан әзірленетін жобалар үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7.7 Объектілерді салуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы қайта бекіту жаңадан бекітілетін жобалау-сметалық құжаттама үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7.8 Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін 3 (үш) және одан да көп жыл ішінде құрылысы басталмаған жобалау құжаттамасы ескірген болып есептеледі және осы бөлімге сәйкес түзетілгеннен, қайтадан сараптама жүргізілгеннен және қайта бекітілгеннен кейін іске асыру үшін пайдаланылады.

8 ОБЪЕКТИЛЕРДІ ЖОБАЛАУҒА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАРДЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

8.1 Берілген габариттер, есептік қуат, технологиялық процестер, функционалдық мақсат бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасында нормалары жоқ өзге де ерекше

жағдайлар (Қазақстан Республикасында қолданылатын мемлекеттік нормативтер не мемлекетаралық нормативтер) бойынша өзіндік ерекшеліктері (сипаттамалары, қасиеттері) бар объектілерді жобалау кезінде тапсырыс беруші ғылыми-зерттеу ұйымдарын тарта отырып, осы объект үшін жоқ нормативтерді алмастыратын жобалау мен құрылысқа арналған арнайы техникалық шарттар (АТШ құжаты - ерекше нормалар) әзірлейді.

Көрсетілген арнайы техникалық шарттар (ерекше нормалар):

- осы объектінің олардың салдарынан әзірленген ерекшелігін көрсету және жобалауға арналған тапсырмадан туындайтын мақсаттар мен міндеттердің ерекшеліктерін ескеретін көлемдік-жоспарлау, конструкциялық және (немесе) инженерлік - техникалық, жобалық шешімдер бойынша арнайы талаптарды (ұсынымдарды) қамтуы;

- жергілікті атқарушы органның тиісті бөлімшесімен, оның ішінде 7,5 және одан да көп магнитудасы бар жер сілкінісі ошақтарының пайда болуы мүмкін аймақтарда және/немесе күндізгі бетінде тектоникалық жарықтар пайда болуы мүмкін учаскелерде орналасқан құрылыс объектілері үшін әзірленген АТШ-мен келісілуі;

- құрылыстың тиісті тапсырыс берушісімен бекітілуі;

- егер жергілікті атқарушы органның тиісті бөлімшесінің осы арнайы техникалық шарттарды келісу туралы шешімінде өзгеше көрсетілмесе, тек осы объектіге қолданылуы тиіс.

Белгіленген тәртіппен әзірленген, бекітілген және келісілген АТШ-ны құрылыс объектісін жобалау үшін бастапқы деректер ретінде жобалау ұйымына тапсырыс беруші береді.

8.2 АТШ мемлекеттік нормативтердің міндетті талаптарын сақтауға бағытталған қосымша есептік, конструктивтік және басқа да іс-шаралардың негіздемесін, сондай-ақ келісілген жағдайларда нормалардың міндетті талаптарынан ауытқуларды өтейтін іс-шараларды қамтуы тиіс.

8.3 АТШ мемлекеттік нормативтердің міндетті талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ өтемдік іс-шаралардың жеткіліктілігі мен тиімділігін негіздейтін рәсімдерді (есептер, эксперименттік зерттеулердің, заттай сынақтардың нәтижелері және т.б.) қамтуға тиіс.

8.4 АТШ әзірлеу тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасына сәйкес жүргізіледі.

Техникалық тапсырмада АТШ әзірлеу қажеттілігінің қысқаша негіздемесі, қолданыстағы құрылыс нормаларына сәйкес объектілердің жауапкершілік деңгейі туралы деректер, сондай-ақ АТШ әзірлеу үшін қажетті басқа да талаптар, оның ішінде өрт және сейсмикалық қауіпсіздікпен байланысты талаптар келтірілуі тиіс.

8.5 АТШ әзірлеу алдында объектінің қағидаттық техникалық шешімдерін айқындау (оның ішінде көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдер, қолданылатын материалдар мен бұйымдар), сондай-ақ жетіспейтін нормативтік ережелерді әзірлеу немесе белгілі бір бағыттар бойынша жоқ нормаларды әзірлеу үшін негіз болатын нақты объектіге қатысты қолда бар нормативтік базаны талдау жүргізілуі тиіс. Негізгі техникалық шешімдер объектіге, оның бөліктеріне немесе құрылымдардың немесе инженерлік жүйелердің жекелеген түрлеріне қатысты анықталуы мүмкін.

8.6 АТШ құрамы:

- негізгі ережелер (объектінің атауы және орналасқан жері, құрылыс үшін негіздеме, тапсырыс беруші (инвестор), бас жобалау ұйымы және АТШ әзірлеушісі туралы мәліметтер, жалпы объектінің және оның маңызды элементтерінің сипаттамасы, құрылыс алаңының және объектінің көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдерінің қысқаша сипаттамасы, жобалаудың негізгі қағидаттары);

- АТШ әзірлеу қажеттілігінің егжей-тегжейлі негіздемесі және осы нақты объект үшін жетіспейтін нормативтік талаптар;

- қолданыстағы нормативтік құжаттардың қажеттілігінің негіздемесін және осы ауытқуларды өтейтін іс-шараларды қамтитын қосымша талаптардың немесе талаптардан

мәжбүрлі ауытқулардың тізбесі;

- есептік жүктемелер (жүктемелер мен есептеу әдістемелерін айқындау бойынша негіздемелер мен ұсыныстар, есептер);

- конструкциялық және инженерлік-техникалық шешімдер, бас жоспар, сәулеттік шешімдер және жобаның басқа да бөлімдері бойынша талаптар (конструктивтік шешімдерді талдау, конструкциялаудың негізгі қағидаттары, ұсынылатын конструктивтік шешімдер, негізгі сызбалар және т.б.);

- қосымша (түсіндірме жазба, есептеу нәтижелері, эксперименттік зерттеулер мен заттай сынақтардың нәтижелері және т.б.).

Ескертпе-Арнайы техникалық шарттардың құрамы тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасында нақтылануы мүмкін.

8.7 АТШ келісу туралы мәселені қарау үшін құрылысқа тапсырыс беруші жергілікті атқарушы органның тиісті бөлімшесіне мынадай құжаттарды (бұдан әрі - құжаттама) ұсынады:

- Тапсырыс берушінің жергілікті атқарушы органның тиісті бөлімшесі басшысының атына АТШ қарау туралы оның басшысы немесе міндетін атқарушы адам қол қойған және ұйымның мөрімен расталған еркін нысандағы өтініші;

- АТШ әзірлеу қажеттілігі, қабылданған жобалық шешімдер, өтемдік іс-шаралар туралы ақпаратты қамтитын түсіндірме жазба (қолданыстағы ережелер жиынтығынан ауытқу туралы шешім қабылданған жағдайда);

- әзірлеушінің лауазымды тұлғалары қол қойған және тапсырыс берушінің басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға бекіткен АТШ жобасы екі данада;

- Тапсырыс берушінің басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға куәландырған АТШ-ны әзірлеуге арналған техникалық тапсырманың көшірмесі, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның тиісті бөлімшесінің сұрау салуы бойынша басқа да материалдар.

8.8 АТШ жобасы бойынша Құжаттаманы қарау және қорытынды дайындау үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы аттестатталған сарапшылар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 маусымдағы № 645 қаулысына сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері болып табылатын бейінді субъектілер, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдар тартылуы мүмкін.

Құжаттаманы қарауға жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге қатысатын ұйым немесе мамандар, олардың үлестес тұлғалары, сондай-ақ ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жөніндегі ұйымдар және осындай ұйымдарда жұмыс істейтін сарапшылар тартылмайды.

АТШ-ны келісу туралы не келісуден бас тарту туралы шешімді жергілікті атқарушы органның тиісті бөлімшесі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен қабылдайды.

8.9 АТШ-ны келісуден бас тартуға негіз болған себептерді жою үшін құжаттама жалпы тәртіппен келісуге қайта ұсынылуы мүмкін.

8.10 Бұрын келісілген АТШ-ға өзгерістер енгізу қажеттілігі туындаған жағдайда, құрылысқа тапсырыс беруші жергілікті атқарушы органның бөлімшесіне жалпы тәртіппен тиісті құжаттаманы ұсынады. Бұл ретте жаңадан өзгертілген АТШ келісілген жағдайда, бұрын келісілген АТШ жаңа АТШ келісу туралы шешім қабылданған күннен бастап күшін жояды.

8.11 Жобалау-сметалық құжаттамада әрбір бөлімнің (марканың) графикалық материалдарының (негізгі сызбаларының) «Жалпы деректері» парақтарында жобаның (Ж) немесе жұмыс жобасының (ЖЖ) арнайы техникалық шарттарға (ерекше нормаларға) сәйкестігі және қажет болған жағдайда жобаның (жұмыс жобасының) тиісті бөлімдерін санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаушылықтың эпидемиологиялық салауаттылығы, өртке қарсы қызмет, қоршаған ортаны қорғау, халықты әлеуметтік қорғау, өнеркәсіпте және

тау-кен қадағалауында, сондай-ақ мемлекеттік жол полициясында (инспекциясында), азаматтық қорғаныста жұмыстарды қауіпсіз жүргізу саласындағы мемлекеттік уәкілетті органдармен келісу болуы туралы бас инженер (жобаның бас сәулетшісі) қол қойған жазба болуы тиіс.

8.12 АТШ (ерекше нормаларға) сәйкес әзірленген және осы құрылыс нормаларының 8.12-тармағына сәйкес ресімделген жобалау құжаттамасы мүдделі мемлекеттік органдармен қосымша келісуге жатпайды.

8.13 Қазақстан Республикасының қолданыстағы сметалық-нормативтік базасында сметалық нормалар болмаған кезде жеке сметалық нормалар (ЖСН) әзірленеді.

8.14 Жеке сметалық нормалар (ЖСН):

- объектінің мақсатын ескеретін көлемдік-жоспарлау, конструкциялық және (немесе) инженерлік - техникалық, жобалық шешімдерге сәйкес келуге тиіс;

- сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органмен бекітілуге және мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келісілуге тиіс;

- егер Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы уәкілетті орган ведомствосының шешімінде өзгеше көрсетілмесе, осы объектіге ғана қолданылуы тиіс.

8.16 ЖСН-ны пайдалана отырып әзірленген жобалау-сметалық құжаттама Қазақстан Республикасының құрылыс объектілері бойынша бекітілген жобалау-сметалық құжаттарының бірыңғай электрондық базасына енгізіледі және ресурстардың ірілендірілген шығыс нормаларын қалыптастыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

8.17 ЖСН еңбек шығындарының, құрылыс машиналарын пайдалану уақытының, материалдар, бұйымдар, конструкциялар, жабдықтар шығынының ресурстық көрсеткіштерін көрсетуі тиіс. ЖСН-дағы құрылыс ресурстары шығындарының көрсеткіштері құрылыс ресурстарының ағымдағы бағаларына сүйене отырып, инвестициялар объектілерінің сметалық құнын анықтауға мүмкіндік беруі тиіс.

8.18 ЖСН қолданыстағы сметалық-нормативтік базада нормалар жоқ жаңа технологияларға технологиялық карталар негізінде әзірленеді. Технологиялық карталар құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде технологиялық карталардың құрамын, оларды әзірлеу, ресімдеу, келісу және бекіту тәртібін белгілейтін мемлекеттік нормативке сәйкес әзірленеді.

8.19 ЖСН Мемлекеттік нормативтерді әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және қолданысқа енгізу (қолданысын тоқтата тұру, күшін жою) қағидаларының 10-тармағына, сондай-ақ тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы уәкілетті органның ведомствосы жазбаша растаған жағдайда, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің субъектілері өз қаражаты есебінен құрылыстағы баға белгілеу саласындағы мамандандырылған ұйымдарды тарта отырып әзірлей алады.

8.20 Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы уәкілетті органның ведомствосына берген өтінімінде:

- негізгі ережелер (объектінің атауы және орналасқан жері, құрылыс үшін негіздеме, тапсырыс беруші/инвестор туралы мәліметтер), ТЭН әзірлеген жобалау ұйымы, тұтас алғанда объектінің және оның маңызды элементтерінің сипаттамасы, құрылыс алаңының, объектінің көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдерінің қысқаша сипаттамасы;

- ЖСН әзірлеу қажеттілігінің егжей-тегжейлі негіздемесі;

- қолданылуы ЖСН әзірлеуді талап ететін жаңа құрылыс ресурстарының (құрылыс машиналары мен тетіктері, материалдары, бұйымдары, конструкциялары, жабдықтары), сондай-ақ ЖСН әзірлеу қажет болатын жұмыстарды жүргізу технологияларының тізбесі;

- қосымша (машиналардың, механизмдердің техникалық сипаттамалары, стандарттар, сертификаттар, прайс-парақтар және басқа құжаттар);

- тапсырыс берушінің басшысы қуәландырған ЖСН әзірлеуге берілген техникалық тапсырманың көшірмесі көрсетіледі.

8.21 ЖСН әзірлеу мүмкіндігін келісу немесе бас тарту (негізделген) туралы шешімді Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы уәкілетті органның ведомствосы заңнамада белгіленген мерзімде қабылдайды.

9 ЕКІ САТЫЛЫ ЖОБАЛАУ КЕЗІНДЕ ЖОБАЛАУ-СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

9.1 Өндірістік мақсаттағы объектінің (жеке ғимараттан, құрылыстан немесе олардың кешендерінен, инженерлік және көлік коммуникацияларынан тұратын кәсіпорынның) жаңа құрылыс үшін әзірленген жобасы (Ж) сатысында жобалау-сметалық құжаттаманың құрамына мынадай бөлімдер мен шешімдер енгізіледі:

- жобаның паспорты (9.3.1);
- жобаның энергетикалық паспорты (9.3.2);
- жалпы түсіндірме жазба (9.3.3);
- объектінің бас жоспары және көлікті ұйымдастыру (9.3.4);
- аумақты инженерлік қорғау (9.3.5);
- технологиялық шешімдер (9.3.6);
- өндірісті, кәсіпорынды басқару, қызметкерлердің еңбек жағдайларын және еңбегін қорғауды ұйымдастыру (9.3.7);
- сәулет-құрылыс шешімдері (9.3.8);
- инженерлік желілер, жүйелер және жабдықтар (9.3.9);
- өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар (9.3.10);
- өнеркәсіптік қауіпсіздік, Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі инженерлік-техникалық іс-шаралар (9.3.11);
- террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесі (9.3.12);

- ҚР ҚНжЕ 3.02-05 1-қосымшасына сәйкес ғимараттар мен құрылыстар мониторингінің автоматтандырылған жүйесі;

- құрылысты ұйымдастыру жобасы (9.3.13);
- қоршаған ортаны қорғау (9.3.14);
- сметалық құжаттама (9.3.15);
- инвестициялардың және ТЭК тиімділігі (жобалауға арналған тапсырмада айқындалған шарттарға сәйкес) (9.3.16);

- жобалауға арналған тапсырма негізінде осы құрылыс нормаларының Еқосымшасына сәйкес жасалған және тапсырыс беруші бекіткен қазақстандық қамтуды ескере отырып, негізгі құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары қажеттілігінің жиынтық ақпараты.

9.1.2 Қолданыстағы өндірістік мақсаттағы объектіні өзгерту үшін әзірленетін жоба (Ж) сатысында жобалау-сметалық құжаттаманың құрамы тапсырыс беруші бекіткен жобалауға арналған тапсырмамен айқындалады.

9.2 Негізгі кәсіпорынның мұқтаждықтары үшін қажетті әртүрлі (өндірістік емес, тұрғын үй-азаматтық, желілік объектілер және т.б.) мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстардан тұратын өндірістік объектіні (кешенді) жобалау кезінде жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді объектілерді құрылыс кезектері және/немесе іске қосу кешендері бойынша бөле отырып жүзеге асыру қажет. Құрылыс кезектерінің және/немесе іске қосу кешендерінің жобалау-сметалық құжаттамасы ТЭК өндірістік кешені үшін ортақ және осы құрылыс нормалары мен ҚР ҚН 3.01-00 нормативінің тиісті бөлімдерінің талаптарымен өзара байланыста әзірленеді.

9.3 Өндірістік мақсаттағы объектілерді салуға арналған жобаның бөлімдері мыналарды қамтуы тиіс:

9.3.1 Жобаның паспорттыңда жобаланатын объектінің мақсаты мен ерекшеліктерін қысқаша сипаттай отырып, жобаланатын объект туралы жинақталған ақпарат, сондай-ақ осы құрылыс нормаларына Дқосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі параметрлер, сипаттамалар және ТЭЖ көрсетіледі.

9.3.2 Жобаның энергетикалық паспорты техникалық регламенттердің және қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес айқындалған объектінің энергетикалық сипаттамалары туралы ақпарат нысанында жасалады, оның ішінде энергия үнемдеу және энергия тұтыну жөніндегі деректер, сондай-ақ ғимараттардың қоршау конструкцияларын жылумен қорғау жөніндегі есептер қамтылады.

9.3.3 Жалпы түсіндірме жазбаға:

- жобаны әзірлеу үшін негіздеме (негізді құрайтын құжаттар тізбесі), жобалау үшін бастапқы деректер, құрылыс ауданының шарттары, қоршаған аумақтың қолданыстағы және жоспарланатын (болжанатын) инфрақұрылымы туралы мәліметтер;

- объектінің орналасуын (орналасқан жерін) келісу кезінде мемлекеттік қадағалау (бақылау) органдары, өзге де уәкілетті ұйымдар мен лауазымды адамдар берген жобалау шешімдерін келісу, әзірленген жобалау-сметалық құжаттаманың мемлекеттік нормаларға, қағидаларға, стандарттарға, сәулет-жоспарлау тапсырмасына, бастапқы деректерге, сондай-ақ техникалық шарттар мен талаптарға сәйкестігін растау туралы белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдардың талаптардан ауытқуға рұқсаттары (келісімдері), қолданыстағы мемлекеттік нормативтік құжаттар;

- бас жоспар, инженерлік желілер және коммуникациялар бойынша негізгі көрсеткіштер, аумақты инженерлік қорғау жөніндегі іс-шаралар;

- кәсіпорынның (ғимараттың, құрылыстың, кешеннің) және оның құрамына кіретін өндірістердің қысқаша сипаттамасы, жобалық қуаты мен номенклатурасы, сапасы туралы деректер, көлемдік-жоспарлау және сәулет-құрылыс шешімдерінің негізгі қағида-тар, сондай-ақ өндірістің технологиялық шешімдерінің материалдары;

- бәсекеге қабілеттілік, шығаруға белгіленген өнімнің техникалық деңгейі, шикізат базасы, отынға, суға, жылу және электр энергиясына қажеттілік, шикізатты, өндіріс қалдықтарын, қайталама энергия ресурстарын кешенді пайдалану туралы мәліметтер;

- құрылыстың, қала құрылысы және іске қосу кешендерінің кезектілігі туралы мәліметтер;

- жобада өнертабыстар мен патенттерді пайдалану туралы мәліметтер;

- объектінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі шараларды қоса алғанда, оны пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету және орнықты жұмыс істеуі жөніндегі ұйымдастырушылық және инженерлік-техникалық іс-шаралар туралы ақпарат;

- жобаны әзірлеу нәтижесінде алынған ТЭЖ, оларды бекітілген техникалық-экономикалық негіздеменің көрсеткіштерімен не объектіні салуға инвестициялардың басқа да негізде-мелерімен және жобаны іске асыру бойынша жобалауға арналған белгіленген тапсырмамен салыстыру, қорытындылар мен ұсыныстар;

- мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілер үшін жобада пайдаланылатын құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары туралы мәліметтер, сондай-ақ Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорына нұсқау кіреді.

9.3.4 Объектінің бас жоспарына және құрылыс алаңының көлігін ұйымдастыруға:

- ауданның және құрылыс алаңының қысқаша сипаттамасы; рельефтің қысқаша сипаттамасы және құрылыс алаңының инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және

геотехникалық жағдайлары туралы мәліметтер; бас жоспар бойынша шешімдер мен көрсеткіштер (аумақты аймақтарға бөлуді ескере отырып);

- алаңшілік және сыртқы көлік бойынша шешімдер, көлік түрін таңдау; төтенше жағдайлар туындаған кезде адамдарды эвакуациялау және материалдық құндылықтарды құтқару, сондай-ақ олардың салдарын жою мақсатында мамандандырылған көлікке қолжетімділік;

- құрылыс үшін ұсынылатын учаскенің параметрлері (өлшемдері, шекаралары) туралы жалпы сипаттама және өзге де деректер, қоршаған құрылыс пен қолда бар инфрақұрылымды, қазіргі жай-күйі мен пайдаланылуын сипаттай отырып, елді мекен немесе қонысаралық аумақ жүйесіндегі орналасқан жері;

- аумақтың және қоршаған ортаның экологиялық жай-күйі, көлік және инженерлік-құрылыс жағдайлары, инженерлік коммуникациялар және ол арқылы немесе іргелес аумақ бойынша өтетін өнім құбырлары, жоспарлау шектеулері және қолданыстағы қала құрылысы құжаттамасы туралы деректер;

- құрылыстар мен көпжылдық жасыл екпелерді бұзу, ғимараттар мен құрылыстарды көшіру, құрылыс салу қағидаларын, қала құрылысы тұжырымдамасын сақтау, тарих, мәдениет және табиғат ескерткіштерін, олардың қорғау аймақтары мен ерекше реттеу аймақтарын сақтау бойынша белгіленген шарттар;

- жер асты кеңістігін пайдалану мүмкіндіктері;

- инженерлік дайындық, рельефті ұйымдастыру, аумақты абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі іс-шаралар; инженерлік желілер мен коммуникацияларды орналастыру (төсеу), кәсіпорынның сыртқы күзетін ұйымдастыру жөніндегі шешімдер;

- негізгі сызбалар кіреді:

- а) кәсіпорынды (ғимараттарды, құрылыстарды немесе олардың кешендерін) орналастырудың ахуалдық жоспары; онда бар және жобаланатын сыртқы коммуникацияларды, инженерлік жүйелер мен қоныстану аумақтарын, санитариялық - қорғау аймағының шекараларын және инженерлік іс-шараларды, ерекше қорғалатын аумақтарды көрсете отырып. Желілік құрылыстар (алаңнан тыс және алаңшілік) үшін ситуациялық жоспардың орнына трасса жоспары, ал қажет болған жағдайда трасса бойлық бейіні және жер құрылысының көлденең бейіндері келтіріледі;

- б) жобаланатын және қолданыстағы (сақталатын және бұзылуға жататын) үйлер, ғимараттар, өзге де құрылыстар, инженерлік және көлік коммуникациялары, абаттандыру элементтері және көпжылдық жасыл екпелер, аумақтың қазіргі және жоспарлау белгілері салынатын бас жоспар, сондай-ақ іске қосу кешендеріне кіретін объектілер, желілер және көлік коммуникациялары бөліп көрсетіледі;

- в) аумақты инженерлік дайындау, жер үсті суларын бұру жүйесімен рельефті (тік жоспарлау) ұйымдастыру, жер жұмыстары және жер массаларының картограммасы (желілік құрылыстардан басқа).

9.3.5 Аумақты инженерлік қорғау жөніндегі шешімдер мен есептерқұрылыс алаңының инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық жағдайлары, сондай-ақ топырақтың геотехникалық қасиеттері туралы деректерді ескере отырып әзірленеді.

9.3.6 Технологиялық шешімдерге кіреді:

- өндірістік бағдарлама, қуат туралы деректер;

- өндіріс технологиясы бойынша қабылданған шешімдердің негіздемесі және тиісті есептеулер, қысқаша сипаттамасы, өнімді дайындаудың еңбек сыйымдылығы, технологиялық процестерді механикаландыру және автоматтандыру туралы деректер;

- қолданылатын жабдықтың, оның ішінде импорттық жабдықтың құрамы мен негіздемесі;

- аз қалдықты және қалдықсыз технологиялық процестерді және өндірістерді қолдану, жылу мен ұсталған химияны қайта пайдалану жөніндегі шешімдер; жұмыс

орындарының саны және олардың жабдықталуы; цехаралық және цехтік коммуникациялардың сипаттамасы;

- өнім сапасын бақылауды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар;
- жөндеу шаруашылығын ұйымдастыру бойынша шешімдер;
- энергия үнемдеу жөніндегі іс-шаралар;
- атмосфераға зиянды шығарындылар мен су көздеріне төгінділердің мөлшері мен құрамы (жеке цехтар, өндірістер, құрылыстар бойынша), топырақ бетінде немесе топырақта жинақталуы туралы деректер;
- қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарындылары мен төгінділерін болдырмау (азайту) жөніндегі техникалық шешімдермен тиісті есептер; авариялық жағдайлардың туындау мүмкіндігін бағалау және оларды болдырмау жөніндегі шешімдер;
- регенерациялауға немесе кәдеге жаратуға және көмуге жататын өндіріс қалдықтарының түрі, құрамы және көлемі;
- технологиялық процестердің отын-энергетикалық және материалдық баланстары;
- технологиялық қажеттіліктер үшін ресурстардың негізгі түрлеріне қажеттілік;
- негізгі сызбалар:
 - а) технологиялық процестердің қағидатты сызбалары;
 - б) жабдықтар мен көлік құралдарының орналасуын көрсете отырып, корпустар (цехтар) бойынша технологиялық жоспарлау;
 - в) технологиялық құбырлар;
 - г) жүк ағындарының сызбалары.

Технологиялық бөлімді әзірлеу кезінде технологиялық жобалаудың тиісті салалық нормаларын басшылыққа алады.

9.3.7 Өндірісті, кәсіпорынды басқару, жұмысшылар мен қызметшілердің еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды ұйымдастыру бөлімі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтерге сәйкес әзірленеді, онда мыналар көзделеді:

- кәсіпорын мен жекелеген өндірістерді басқарудың ұйымдық құрылымы, басқарудың автоматтандырылған жүйесі және оны ақпараттық, функционалдық, ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз ету; басқарма қызметкерлерінің еңбегін автоматтандыру, механикаландыру; жұмысшылардың сандық кәсіби-біліктілік құрамын есептеу нәтижелері; жұмыс орындарының саны мен жарақталуы;
- жұмысшылардың санитарлық-гигиеналық еңбек жағдайлары;
- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша іс-шаралар, оның ішінде жарақаттануды болдырмау және өндірістік шу мен тербелістерді төмендету; үй-жайлардағы ауаның газдануы мен шаңдануы, жылудың артық немесе жеткіліксіз болуы, еңбек жағдайларының жайлылық деңгейін арттыру және қызметкерлерді оңалту бойынша шешімдер.

9.3.8 Сәулет-құрылыс шешімдерінемыналар кіреді:

- объектінің сәулеттік шешімдерінің сипаттамасы, жобаланатын объектінің негізгі сәулеттік параметрлері және көлемдік-жоспарлау шешімдері;
- негізгі ғимараттар мен құрылыстар бойынша сәулет-құрылыс шешімдерінің сипаттамасы және негіздемесі, ғимараттар мен құрылыстардың конструктивтік сызбалары, негіздер мен іргетастар, күш түсетін және қоршау конструкциялары, ғимараттардың жабындары мен төсемдері, ғимараттар мен құрылыстардың беріктігін, сенімділігі мен орнықтылығын бағалауға мүмкіндік беретін жобаның конструктивтік бөлігі бойынша есептеу материалдары (зауытта дайындалған блоктық, модульдік конструкцияларды қолданған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген тиісті сапа сертификаттары ұсынылады);
- жобаланатын объектіні пайдалану процесінде қалыпты режимде мүгедек адамдардың және халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтарының тұруы, болуы және

жұмысы көзделген жағдайда жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес және еңбек қауіпсіздігін және олардың тыныс-тіршілігі жағдайларын қамтамасыз ететін негізгі шешімдерді қамтитын мүгедек адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтары үшін қолжетімділік жөніндегі іс-шаралардың сипаттамасы, оның ішінде объектінің жалпы аумағының, кіру тобының, жүріп-тұру жолдарының, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың, ақпараттық қамтамасыз етудің және басқаларының қолжетімділігі;

- қоршау конструкцияларының жылу қорғау қасиеттері бойынша шешімдер мен принциптік шешімдерді негіздеу, өндірістік шу мен дірілді азайту, жұмыс істеушілерге тұрмыстық, санитарлық қызмет көрсету;

- құрылыс конструкциялары мен ғимарат элементтерін тоттанудан қорғау жөніндегі іс-шаралар;

- негізгі сызбалар:

а) негізгі көтергіш және қоршау конструкциялары бейнеленген ғимараттар мен құрылыстардың жоспарлары, қасбеттері мен тілімдері; интерьерлер, өнеркәсіптік эстетика және дизайн; еден жоспарларына: секіргіштердің ведомосы, сондай-ақ үй-жайлар мен қасбеттерді әрлеу, саңылауларды, жиналмалы бөлімдерді, секіргіштерді толтыру ерекшеліктері; кірпіш пен ұсақ блоктардың қабырғалары бар едендердің төсеу жоспарлары қабырғалар мен аралықтардың көлемін көрсететін сипаттама; жабынның (шатырдың) жоспарына жабын (шатыр) құрылғысының элементтері жазылатын сипаттама жасалады;

б) іргетастардың, қаңқалардың, жабындардың және төсемдердің, шатырлардың сызбалары (жоспарлары).

- қабырғалар, қалқалар (темір бетоннан басқа), едендер, төбе (шатыр) бөлімшелерін көрсете отырып, ғимараттың жекелеген құрылымдық бөліктері бойынша ресурстар бөле отырып, СШ маркалы сызбалар жиынтығына жабдықтардың, бұйымдар мен материалдардың ерекшеліктері.

9.3.9 Инженерлік желілер, жүйелер мен жабдықтар бөлімі мыналарды қамтиды:

- инженерлік желілерге арналған, сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылыту, суықпен жабдықтау, желдету және ауаны баптау, электр күш жүйелерімен және электрмен жарықтандыру, байланыс жүйелерімен қамтамасыз ету жөніндегі, сондай-ақ күзет және өртке қарсы сигнал беруді, сағаттандыруды, радиофикацияны және теледидарды, сыртқы және ішкі күзет бейнебақылауын, сыртқы және ішкі күзет құрылғыларын қамтамасыз ету жөніндегі жүйелер мен жабдықтардың қағидаттық шешімдері мен тиісті есептері; автоматты өрт сөндіру, найзағайдан қорғау және т.б.;

- суды, отынды, жылу және электр энергиясын тұтынуды бақылау, есепке алу және реттеу аспаптарын орнатуды қоса алғанда, олардың шығынын бақылау жөніндегі іс-шаралар;

- сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың тазарту құрылыстарының технологиялық регламентін әзірлей отырып, оларды іске қосу-жөндеу жұмыстары;

- инженерлік желілер мен жабдықтарды жемірілуден қорғау жөніндегі іс-шаралар;

- инженерлік желілер мен жабдықтарды кезбе токтардан қорғау жөніндегі іс-шаралар;

- инженерлік жүйелерді басқаруды диспетчерлеу және автоматтандыру;

- негізгі сызбалар

а) жылумен жабдықтаудың (жылытудың), суықпен жабдықтаудың, желдету мен кондиционерлеудің, электрмен жабдықтаудың, газбен жабдықтаудың, сумен жабдықтаудың және су бұрудың және басқа да инженерлік жүйелердің қағидатты сызбалары;

б) инженерлік желілердің жоспарлары;

в) инженерлік желілердің профильдері (қажет болған жағдайда);

г) ішкі инженерлік жүйелер, жабдықтар мен қондырғылар салынған негізгі

ғимараттардың жоспарлары;

- жұмыс сызбаларында көзделген үлгілік бөліктердің номенклатурасын (жалғағыш бөлшектер, фитингтер, қиғаш айқастырмалар, үшайырлар, өткізгіштер, бұрмалар, бітеуіштер, өтпелі сақиналар және т.б.) қоса отырып, нормативтік талаптарға сәйкес орындалған жабдықтардың, бұйымдар мен материалдардың ерекшеліктері; сипаттамаға қолданыстағы технологиялық және өндірістік нормаларға (бұрандамалар, сомындар, шайбалар, электродтар, дәнекерлеу сымы, шаршы дайындамалардан соғу, қорғау сылағы және т.б.) сүйене отырып, номенклатурасы мен санын құрылыс-монтаждау ұйымы айқындайтын бұйымдар мен материалдардың жекелеген түрлері енгізілмейді.

Инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетушілер берген техникалық шарттарға сәйкес әзірленген сыртқы инженерлік желілер мен құрылыстарды салуға арналған жобалау-сметалық құжаттама, олармен (инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетушілермен) келісуге жатпайды.

9.3.10 Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар бөлімі мыналарды қамтиды:

- жобаланатын объектінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің сипаттамасы;
- объектілердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ғимараттардың, құрылыстардың және сыртқы қондырғылардың арасындағы өртке қарсы қашықтықтардың негіздемесі;
- сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтау бойынша жобалау шешімдерінің, өрт техникасы үшін өту жолдары мен кіреберістерді анықтау бойынша сипаттамасы мен негіздемесі;
- қабылданған конструктивтік және көлемдік-жоспарлау шешімдерінің, құрылыс конструкцияларының отқа төзімділік шегінің және конструктивтік өрт қауіптілігі класының сипаттамасы мен негіздемесі;
- өрт шыққан кезде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жобалау шешімдерінің сипаттамасы мен есептік негіздемесі;
- өртті жою кезінде өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралардың тізбесі;
- жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша ғимараттардың, құрылыстардың, жабдық пен сыртқы қондырғылардың санаттары туралы мәліметтер (есептер);
- автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен қорғауға және автоматты өрт сигнализациясымен жабдықтауға жататын ғимараттардың, құрылыстардың, үйжайлардың және жабдықтың тізбесі;
- өртке қарсы қорғаудың (автоматты өрт сөндіру қондырғысының, өрт сигнализациясының, өрт кезінде адамдарды эвакуациялауды басқару және оларға хабарлаудың, ішкі өртке қарсы су құбырының, түтінге қарсы қорғаудың) сипаттамасы мен негіздемесі;
- өртке қарсы қорғау жабдығын орналастыру, осы жабдықты басқару, мұндай жабдықтың ғимараттардың инженерлік жабдығымен және жұмысы өрт кезінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз етуге, өрт сөндіруге және оның өршуінің алдын алуға бағытталған жабдықтың, сондай-ай өртке қарсы қорғаудың техникалық жүйелерінің (құралдарының) (бар болған жағдайда) жұмыс алгоритмінің қажеттілігінің негіздемесі мен сипаттамасы;
- жобаланатын объектінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың сипаттамасы.

Негізгі сұлбалар:

а) аумаққа кіру (шығу) жолын өрт техникасының объектіге өтуін, өрт резервуарларын орналастыру мен олардың сыйымдылығын (бар болған жағдайда), сыртқы өртке қарсы су құбырын төсеу схемаларын, өрт гидранттары мен сорғы станцияларын орналастыру орындарын көрсете отырып, жобаланатын объектіні орналастыру үшін

берілген жер телімін ұйымдастырудың ситуациялық жоспары;

б) өртке қарсы қорғаудың техникалық жүйелерінің (құралдарының) (автоматты өрт сөндіру қондырғысының, өрт сигнализациясының, өрт кезінде адамдарды эвакуациялауды басқару және оларға хабарлаудың, ішкі өртке қарсы су құбырының) құрылымдық схемалары.)

9.3.11 Өнеркәсіптік қауіпсіздік, азаматтық қорғаныс және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың (АҚ және ТЖ) алдын алу жөніндегі инженерлік-техникалық іс-шаралар бөлімі халықты азаматтық қорғау саласындағы заңнамаға және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы тиісті нормативтік-техникалық құжаттардың ережелеріне сәйкес әзірленеді.

9.3.12 Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесі «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысына сәйкес әзірленеді.

Жобаланатын объектіні террористік тұрғыдан осал Қазақстан Республикасы объектілерінің тізбесіне жатқызу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген қағидалар мен өлшемшарттар бойынша айқындалады.

9.3.13 ҚҰЖбөлімі осы құрылыс нормаларының 4.6-тармағына және мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес әзірленеді. ҚҰЖ негізгі құжаттарының құрамы Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру қағидаларының 1-қосымшасымен және ҚР ҚН 1.03-00 айқындалады. ҚҰЖ құрамы сондай-ақ құрылыс объектісінің ерекшелігі мен күрделілігіне байланысты. Объектінің күрделілігі объектінің құрамына және оның көлемдік-жоспарлау параметрлеріне, конструктивтік шешімдердің күрделілігіне, құрылыс шарттарына және қолданылатын технологиялық процестерге байланысты болады.

9.3.14 Қоршаған ортаны қорғау бөлімі Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және Экологиялық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жасалады.

Осы құрылыс нормаларының 9.3.3-тармағына сәйкес кешенді ведомстводан тыс сараптамаға қоршаған ортаны қорғау бөлімі қоршаған ортаны қорғау саласындағы тиісті уәкілетті органмен оның келісімі болған кезде ұсынылады.

9.3.15 Сметалық құжаттама.

Кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстар (немесе олардың кезектері) құрылысының сметалық құнын айқындау үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның құрылысындағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттарда келтірілген ережелер мен нысандарға сәйкес сметалық құжаттама жасалады.

Құрылыстың сметалық құнын анықтау үшін баға белгілеу және смета бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттарды пайдалану қажет.

Қажет болған жағдайда, құрылыстың құны жобалау құжаттамасын іске асырудың кез келген кезеңіне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ағымдағы бағамы бойынша шетел валютасына қайта есептелуі мүмкін.

9.3.16 Инвестициялар мен ТЭК тиімділігі туралы бөлімнің құрамына мыналар кіреді:

- жобаның тиісті бөлімдерін әзірлеу кезінде алынған сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде алынған инвестициялардың тиімділігін есептеу;

- белгіленген тәртіпке және әдістемелік ұсынымдарға сәйкес анықталған жобаның экономикалық тиімділігін бағалау;

-осы объектіні салуға арналған техникалық-экономикалық негіздеменің (инвестициялардың басқа да негіздемелерінің) құрамында айқындалған негізгі ТЭК-пен,

жобалауға арналған тапсырмамен және оның негізінде жобаны инвестициялау және іске асыру туралы қабылданатын түпкілікті шешімді салыстыру туралы ақпарат.

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды кеңейту, қайта құру немесе техникалық қайта жарақтандыру жобаларына ТЭК қуаттардың өсуіне де, сондай-ақ объект бойынша тұтастай алғанда, тиісінше кеңейту, қайта құру немесе техникалық қайта жарақтандыру аяқталғаннан кейін де келтіріледі.

9.3.17 Жобаның тиісті бөлімдерінде:

- ҚЖҚЖ стандарттарымен белгіленген нысанға қатысты жасалатын жабдық ерекшеліктерін;

- Келісімшартта көрсетілген жеке өндіріс жабдықтарына арналған жобалық құжаттаманы әзірлеуге қойылатын бастапқы талаптарды көрсету керек.

9.4 Желілік құрылыстарды салуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманың құрамы жобалау шешімдері мен талаптарын бағалау үшін толық ақпарат алуға мүмкіндік беретін шарттарды міндетті түрде сақтай отырып, олардың құрылысының ерекшеліктерін және жобалауға арналған тапсырманы ескере отырып белгіленеді және осы құрылыс нормаларының 9.3-кіші бөлімінің тиісті талаптарының негізгі ережелерін қамтуға тиіс.

9.4.1 Инженерлік желілер құрылысына жобалау-сметалық құжаттаманың құрамы:

- жобаның паспорты (9.3.1);
- жалпы түсіндірме жазба (9.3.3);
- трассаның жоспары мен сызбасы (ахуалдық сызба) (9.3.4);
- құрылыс шешімдері (9.3.8);
- инженерлік жабдықтар (9.3.9);
- өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар (9.3.10);

- инженерлік желілер мен жабдықтарды коррозиядан қорғау және пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі инженерлік-техникалық іс-шаралар, сондай-ақ кешенді қауіпсіздікті (өнеркәсіптік, АҚ және ТЖ) және терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету жүйесі (9.3.11, 9.3.12);

- ҚҰЖ (9.3.13);

- қоршаған ортаны қорғау (9.3.14);

- сметалық құжаттама (9.3.15);

- инвестициялардың тиімділігі (жобалауға берілген тапсырмамен белгіленген шарттарға сәйкес) және ТЭК (9.3.16);

- жобалауға арналған тапсырма негізінде осы құрылыс нормаларына Еқосымшасына сәйкес жасалған және тапсырыс беруші бекіткен қазақстандық қамтуды ескере отырып, негізгі құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары қажеттілігінің жиынтық ақпараты;

- жұмыс сызбаларында көзделген үлгілік бөліктердің номенклатурасын (жалғағыш бөлшектер, фитингтер, қиғаш айқастырмалар, ұшайырлар, өткізгіштер, бұрмалар, бітеуіштер, өтпелі сақиналар және т.б.) қоса отырып, нормативтік талаптарға сәйкес орындалған жабдықтардың, бұйымдар мен материалдардың ерекшеліктері; сипаттамаға қолданыстағы технологиялық және өндірістік нормаларға (болттар, сомындар, шайбалар, электродтар, дәнекерлеу сымы, шаршы дайындамалардан соғу, қорғау сылағы және т.б.) сүйене отырып, номенклатурасы мен санын құрылыс-монтаждау ұйымы айқындайтын бұйымдар мен материалдардың жекелеген түрлері кірмейді;

- ҚЖҚЖ талаптарына сәйкес жасалған негізгі жұмыс сызбалары.

9.4.2 Автомобиль жолдары мен көпірлерді, көлік жол айрықтарын, көпір құрылыстарын, теміржол көлігі жолдарын, көше-жол желісін салуға жобалау-сметалық құжаттаманың құрамы:

- жобаның паспорты (9.3.1);

- жалпы түсіндірме жазба (9.3.3, 9.4.3);

- трасса жоспары (ситуациялық сызба) (9.3.4);
- құрылыс шешімдері (9.3.8);
- өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар (9.3.10);
- қозғалыс және пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі инженерлік-техникалық іс-шаралар, сондай-ақ кешенді қауіпсіздікті (өнеркәсіптік, АҚ және ТЖ) және терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету жүйесі (9.3.11, 9.3.12);
- ҚҰЖ (9.3.13);
- қоршаған ортаны қорғау (9.3.14);
- сметалық құжаттама (9.3.15);
- инвестициялардың тиімділігі (жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес) және ТЭК (9.3.16);
- жобалауға арналған тапсырма негізінде осы құрылыс нормаларына Е-қосымшасына сәйкес жасалған және тапсырыс беруші бекіткен қазақстандық қамтуды ескере отырып, негізгі құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары қажеттілігінің жиынтық ақпараты;
- ҚЖҚЖ талаптарына сәйкес жасалған негізгі сызбалар.

9.4.3 Автомобиль жолдары мен көпірлерді, көлік жол айрықтарын, көпір құрылыстарын, теміржол көлігі жолдарын, көше-жол желісін салуға арналған жалпы түсіндірме жазба жобаның бөлімдері бойынша мәліметтер мен түсіндірмелерді, оның ішінде:

- ортақ пайдаланылатын автожолдар мен елді мекендердің көшелері (темір жолдар) желісін дамытудың бас сызбасын келтіре отырып, объектінің мақсаты, оны салудың қажеттілігі мен орындылығы, жобаны әзірлеу үшін негіздеме және жобалау үшін бастапқы деректер;
- трассаны таңдаудың негіздемесі туралы мәліметтер, құрылыс учаскелерінің және объектінің өту орнының сипаттамасы, оның ішінде: жол-климаттық аймақ, табиғи жағдайлар, ауданның инженерлік-геологиялық, топогеодезиялық, гидрологиялық, сондай-ақ ерекше жағдайларының қысқаша сипаттамасы, қолданыстағы техникалық жай-күйі және техникалық көрсеткіштері, жасанды құрылыстардың типтері мен жай-күйі;
- облысаралық, ауданаралық, ауданішілік тасымалдарға бөлімшемен тасымалдаудың қолданыстағы көлемдері;
- трассаның бас жоспары бойынша негізгі көрсеткіштер (ахуалдық сызба), оның ішінде: жобалау ауданының қысқаша сипаттамасы, жергілікті жер бедері, қолданыстағы құрылыстар мен олардың бөліктерін зерттеу материалдары, жүктерді тасымалдаудың есептік көлемі және перспективалық кезеңнің соңғы жылындағы қозғалыс қарқындылығы (қолданыстағы нормаларға сәйкес); жол санаты, жол құрылысы (қайта құру) трассасының нұсқалары және негізгі ТЭК және құрылыстың келтірілген құнының аз болуы бойынша, сондай-ақ бас жоспардың белгіленген тәртіппен бекітілген бастапқы қала құрылысы құжаттамасымен байланысын ескере отырып, ұсынылатын нұсқаны таңдау;
- құрылыс шешімдері, оның ішінде: автожолдар немесе темір жол ұзындығы, көпірдің (көпір құрылысының, көпір өткелінің) параметрлері, жолдың жоспары мен бойлық бейінінің сипаттамалары, жер төсемінің конструкциялары, жол төсемінің түрін таңдау және жабын түрлері, жасанды құрылыстардың түрлері, конструкциялары мен материалдары, автожол қиылыстары мен жанасулары, сондай-ақ теміржолдармен қиылысуы;
- көпірлердің, көпір құрылыстары мен көпір өткелдерінің жобаларына арналған құрылыс шешімдері, оның ішінде: көпірдің (көпір құрылысы, көпір өткелі) мақсаты, кіру санаты және габариттері, пайдаланудың жоспарланған мерзімдері, нұсқаларды салыстыру және көпірдің (көпір құрылысы, көпір өткелі) орналасқан жерін таңдау, көпірдің (көпір құрылысы, көпір өткелі) нұсқалары;
- ұсынылатын нұсқа конструкциясының сипаттамалары; көпірге, қиылыстарға және

түйісулерге жақындау бойынша негізгі техникалық параметрлер мен шешімдер;

- жол және автокөлік қызметтері, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі инженерлік-техникалық іс-шаралар, сондай-ақ кешенді қауіпсіздікті және терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету жүйесі;

- инженерлік коммуникациялар, жаңа, оның ішінде интеграцияланған қауіпсіздік жүйелерін қайта құру және салу және тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша төлеу;

- локомотив және вагон шаруашылықтары, пневматикалық құрылғылар, автоматика және телемеханика, байланыс, электрмен жабдықтау, электрлендіру құрылғылары бойынша, өндірістік және қосалқы ғимараттар бойынша технологиялық және құрылыс шешімдері (теміржол көлігі объектілері үшін);

- құрылысты ұйымдастыру, оның ішінде: негізгі құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі, құрылыс материалдарына, механизмдер мен көлік құралдарына қажеттілік, құрылыстың еңбек сыйымдылығы мен мерзімдері; құрылыстың кезектілігі, негізгі құрылыс материалдарының шығысы бойынша деректер: металл, цемент, орман, битум және т.б.;

- деректерді ескере отырып, қоршаған ортаны қорғау туралы, атмосфераға зиянды шығарындылар мен су көздеріне төгінділердің саны мен құрамы туралы мәліметтер, сондай-ақ қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарындылары мен төгінділерін болдырмау (азайту) жөніндегі техникалық шешімдер;

- жобаны әзірлеу нәтижесінде алынған ТЭЖ, оларды объект құрылысының бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесінің көрсеткіштерімен салыстыру;

- мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілер үшін жобада пайдаланылатын құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары туралы мәліметтер, сондай-ақ тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорына Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған нұсқау.

9.5 Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерді салуға арналған жоба (Ж) мынадай бөлімдерден тұрады:

- жобаның паспорты (9.3.1);

- энергетикалық паспорт (9.3.2);

- жалпы түсіндірме жазба (9.5.1);

- құрылыс алаңының бас жоспары (9.5.2);

- сәулет-жоспарлау шешімдері (9.5.3);

- құрылыс шешімдері (9.5.4);

- технологиялық шешімдер (9.5.5);

- инженерлік желілер, жүйелер және жабдықтар бойынша шешімдер (9.5.6);

- өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар (9.3.10);

- азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі инженерлік-техникалық іс-шаралар (9.3.11);

- террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесі (9.3.12);

- мүгедек адамдар мен халықтың басқа да қауқары аз топтары үшін қолжетімділік (9.5.7);

- құрылысты ұйымдастыру жобасы (9.3.13);

- қоршаған ортаны қорғау (9.3.14);

- сметалық құжаттама (9.3.15);

- инвестициялардың тиімділігі (жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес) және ТЭЖ (9.3.16);

- жобалауға арналған тапсырма негізінде осы құрылыс нормаларына Еқосымшасына сәйкес жасалған және тапсырыс беруші бекіткен қазақстандық қамтуды ескере отырып,

негізгі құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары қажеттілігінің жиынтық ақпараты;

- ҚЖҚЖ және осы норманың 9.5.8-тармағының талаптарына сәйкес орындалған негізгі сызбалар.

9.5.1 Жалпы түсіндірме жазбаға жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу үшін негізді құрайтын құжаттар тізбесі және жобалау үшін бастапқы деректер кіреді, оның ішінде:

- құрылыс алаңын таңдау (ұсыну) негіздемесі ретінде қызмет ететін мәліметтер, рельефтің қысқаша сипаттамасы және құрылыс алаңының инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және геотехникалық жағдайлары туралы мәліметтер;

- объектінің қысқаша сипаттамасы және объектінің жобалық қуаты (сыйымдылығы, өткізу қабілеті және т.б.) туралы деректер;

-осы объектіде (тұрғын ғимараттарды қоспағанда) жұмыс істейтіндердің (жұмыспен қамтылғандардың) саны мен кәсіптік-біліктілік құрамын және санын есептеу нәтижелері;

- отын, су, жылу және электр энергиясына қажеттілік туралы деректер;

- құрылыстың, қала құрылысы және іске қосу кешендерінің кезектілігі туралы мәліметтер;

- мүгедек адамдардың және халықтың жүріп-тұруы шектеулі өзге де топтарының мүдделері мен тіршілік ету жағдайларын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі негізгі шешімдер;

- объектінің негізгі ТЭЖ, жобалық шешімдерді келісу туралы мәліметтер; әзірленген құжаттаманың мемлекеттік нормативтерге, сәулет-жоспарлау тапсырмасына, бастапқы деректерге, сондай-ақ инженерлік инфрақұрылым объектілеріне және инженерлік қамтамасыз ету коммуникацияларына қосуға арналған техникалық шарттарға сәйкестігін растау;

- техникалық пайдалану жөніндегі іс-шаралар (тұрғын және қоғамдық ғимараттар сериясы үшін қайта немесе бірнеше рет қолданылатын материалдар бойынша);

- мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілер үшін жобада пайдаланылатын құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары туралы мәліметтер, сондай-ақ тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорына тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған нұсқау.

9.5.2 Құрылыс алаңының бас жоспары мыналарды қамтиды:

- құрылыс үшін ұсынылатын учаскенің параметрлері (өлшемдері, шекаралары), оның қазіргі жағдайы және пайдалану режимі туралы жалпы сипаттама және басқа да деректер;

- жобаның бекітілген елді мекеннің бас жоспарына, өзге де қала құрылысы құжаттамасы мен регламенттеріне, сәулет-жоспарлау тапсырмасына және мемлекеттік нормативтерге сәйкестігі туралы мәліметтер;

- ауданның және құрылыс алаңының қысқаша сипаттамасы, бас жоспар бойынша шешімдер мен көрсеткіштер (аумақты аймақтарға бөлуді ескере отырып), қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету, төтенше жағдайлар туындаған кезде адамдарды эвакуациялау және материалдық құндылықтарды құтқару мақсатында мамандандырылған көліктің қолжетімділігі;

- учаске бойынша немесе іргелес аумақ бойынша өнім құбырлары, қала құрылысы регламенттері және жоспарлау шектеулері және қолданыстағы қала құрылысы құжаттамасы бойынша өтетін, құрылыс ауданының қолданыстағы және жоспарланған (болжанатын) инженерлік және көлік инфрақұрылымының аумағы мен қоршаған ортасының экологиялық жай-күйі туралы мәліметтер;

- құрылыстар мен көпжылдық жасыл екпелерді бұзу, ғимараттар мен құрылыстарды

көшіру, құрылыс салу қағидаларын, қала құрылысы тұжырымдамасын сақтау, тарих, мәдениет және табиғат ескерткіштерін, оларды қорғау аймақтары мен ерекше реттеу аймақтарын сақтау жөніндегі талаптар (белгіленген шарттар);

- жер асты кеңістігін пайдалану мүмкіндіктері;

- аумақты инженерлік дайындау, рельефті ұйымдастыру, абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі іс-шаралар;

- инженерлік желілер мен коммуникацияларды орналастыру (төсеу) бойынша жиынтық шешімдер және олардың техникалық шарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер.

9.5.3 Сәулет-жоспарлау шешімдері мыналарды қамтиды:

- объектінің сәулеттік және көлемдік-жоспарлау шешімдерінің қысқаша сипаттамасы және олардың функционалдық мақсаты бойынша жобалауға арналған тапсырмаға сәйкестігі;

- жобаның сәулет-жоспарлау тапсырмасына және мемлекеттік нормативтерге сәйкестігі туралы мәліметтер;

- жобаланатын объектінің негізгі көлемдік-жоспарлау параметрлері және үй-жайларда қажетті жайлылықты қамтамасыз ету туралы деректер;

- шу мен дірілді төмендету бойынша принципті шешімдерді негіздеу.

9.5.4 Объектілер құрылысы алаңының инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық жағдайлары, сондай-ақ топырақтың геотехникалық қасиеттері туралы деректерді ескере отырып, құрылыс шешімдері мыналарды қамтиды:

- ғимараттар мен құрылыстардың, негіздер мен іргетастардың, көтергіш және қоршау конструкцияларының, аражабындар мен жабындардың құрылымдық сызбасының сипаттамасы және негіздемесі;

- ғимараттар мен құрылыстардың беріктігін, сенімділігі мен орнықтылығын бағалауға мүмкіндік беретін жобаның құрылымдық бөлігі бойынша есептеу материалдары;

- қоршау конструкцияларының жылу қорғау қасиеттері бойынша шешімдерді негіздеу;

- құрылыс конструкцияларын, желілер мен құрылыстарды коррозиядан қорғау жөніндегі іс-шаралар.

9.5.5 Технологиялық шешімдерге мыналар кіреді:

- объектінің функционалдық мақсаты;

- технология, механикаландыру, технологиялық процестерді автоматтандыру бойынша шешімдердің қысқаша сипаттамасы мен негіздемесі және олардың тапсырыс беруші берген еңбек жағдайларының қауіпсіздігі, жайлылығы жөніндегі деңгей мен нормативтерге сәйкестігі;

- қолданылатын технологиялық жабдықтың, оның ішінде импорттық жабдықтың құрамы мен негіздемесі.

9.5.6 Инженерлік желілер, жүйелер мен жабдықтар жөніндегі шешімдерге мыналар кіреді:

- инженерлік желілердің, сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылыту, суықпен жабдықтау, желдету және ауаны баптау, электр күш жүйелерімен және электрмен жарықтандыру, байланыс және күзет және өртке қарсы сигнал беру, сағаттандыру жүйелерімен қамтамасыз ету жөніндегі жүйелер мен жабдықтардың қағидатты шешімдері (тұрғын ғимараттар үшін – жобалауға арналған тапсырмада көрсетілген құрылысқа тапсырыс берушінің шешімі бойынша), радиофикация (тұрғын ғимараттар үшін – жобалауға арналған тапсырмада көрсетілген құрылысқа тапсырыс берушінің шешімі бойынша) және теледидарға, сыртқы және ішкі күзет бейнебақылау, сондай-ақ автоматты өрт сөндіру, найзағайдан қорғау құрылғылары жәнет.б.);

- бақылау, есепке алу және оларды тұтынуды реттеу аспаптарын орнатуды қоса

алғанда, судың, отынның, жылу және электр энергиясының шығынын бақылау жөніндегі іс-шаралар;

- инженерлік желілер мен жабдықтарды кезбе токтардан қорғау жөніндегі іс-шаралар;

- инженерлік жүйелерді басқаруды диспетчерлеу және автоматтандыру.

9.5.7 Мүгедек адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтары үшін қолжетімділік бөлімі жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес жобаланатын объектіні пайдалану процесінде мүгедек адамдардың тұруы, болуы және жұмысы көзделген жағдайларда әзірленеді және мүгедек адамдардың қол жеткізу, еңбек қауіпсіздігі және тыныс-тіршілігі жағдайларын (ортақ аумаққа, кіру тобына қолжетімділік) қамтамасыз ететін негізгі шешімдерді қамтиды), жүріп-тұру жолдары, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар, ақпараттық қамтамасыз ету және т.б.

9.5.8 ҚЖҚЖ талаптарына сәйкес жасалған негізгі сызбалар:

а) бас жоспар:

- объектіні (кешенді) орналастырудың ахуалдық жоспары;

- жобаланатын және қолданыстағы (сақталатын және бұзылуға жататын) ғимараттарды, құрылыстарды, өзге де құрылыстарды, инженерлік және көлік коммуникацияларын, абаттандыру элементтерін және көпжылдық жасыл екпелерді көрсете отырып, аумақтың қолданыстағы және жоспарлау белгілерін сала отырып, 1:500 немесе 1:1000 масштабтағы топографиялық негіздегі сызбалар. Егер бар болса, іске қосу кешендеріне кіретін объектілер, желілер және көлік коммуникациялары бөлінеді;

- аумақты инженерлік дайындау, жер үсті суларын бұру жүйесімен рельефті (тік жоспарлау) ұйымдастыру, жер жұмыстары және жер массаларының картограммасы (желілік құрылыстардан басқа);

б) сәулеттік шешімдер:

- негізгі күш түсетін және қоршау конструкцияларының сызбалық бейнесі бар ғимараттар мен құрылыстардың қабаттар жоспарлары, қасбеттері, қималары (жеке немесе қайта қолданылатын жобалар бойынша); қабаттар жоспарларына: бөгеттердің ведомосы, ойықтарды, құрама қалқаларды, бөгеттерді толтыру ерекшеліктері; жабынның (шатырдың) жоспарына шатыр құрылысының элементтері жазылатын ерекшелік (техникалық сипаттама) жасалады);

- қабырғалар, қалқалар (бетоннан, темір бетоннан басқа), едендер, жабын (шатыр) бөлімшелерін көрсете отырып, ғимараттың жекелеген құрылымдық бөліктері бойынша ресурстар бөле отырып, СШ маркалы сызбалар жиынтығына жабдықтың, бұйымдар мен материалдардың өзіндік ерекшеліктері;

- жобалауға арналған тапсырмада айқындалған көлемде сыртқы әрлеу (экстерьерлер);

- графикалық материалдар (иллюстрациялар) және жобалауға берілген тапсырмада белгіленген көлемдегі макеттер;

- жобалауға арналған тапсырмада айқындалған көлемдегі негізгі үй-жайлардың интерьерлері;

в) құрылыс шешімдері:

- негіздер мен іргетастардың, қаңқалардың, көтергіш және қоршау конструкцияларының, аражабындар мен жабындардың жеке конструктивтік шешімдерінің сызбалары (монтаждау жоспарлары);

- баспалдақ марштарының, лифт шахталарының және тік көліктің өзге де түрлерінің орналасу сызбалары, ойықтарды толтыру;

г) технологиялық шешімдер:

- негізгі жабдықты орналастырудың қалыптарға немесе қабаттық жоспарларына сілтемелері бар технологиялық құрастырулар;

- жобалауға арналған тапсырмада айқындалған көлемде технологиялық ағындардың (персоналдың, келушілердің, клиенттердің, пациенттердің, өнімдердің немесе көрсетілетін қызметтердің және сол сияқтылардың) номограммалары;

д) инженерлік желілер, жүйелер мен жабдықтар бойынша шешімдер:

- инженерлік коммуникациялар трассаларының қағидатты сызбалары және жоспарлары;

- алаңшілік желілер мен оларға арналған құрылыстар трассаларының жоспарлары мен сызбалары және инженерлік жабдық құрылғысының қағидатты сызбалары, объектіні электрмен жабдықтау сызбасы;

- инженерлік жабдықтар мен санитарлық-техникалық құрылғыларды басқаруды автоматтандырудың қағидатты сызбалары;

- байланыс және сигнализацияны ұйымдастыру сызбалары;

- қоқысты шығару сызбалары;

е) кешенді қауіпсіздікті және терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету жүйесі.

9.6 Өндірістік және өндірістік емес (тұрғын үй-азаматтық) мақсаттағы объектілерді салуға арналған жұмыс құжаттамасы (ЖҚ) мемлекеттік нормативтердің, технологиялық жобалаудың ведомстволық нормаларының талаптарына сәйкес жоба (Ж) әзірленгеннен кейін әзірленеді және ҚЖҚЖ стандарттарына сәйкес ресімделеді. Бұл ретте жұмыс құжаттамасындағы (ЖҚ) нақтылаулар мен егжей-тегжейлер жоба (Ж) сатысында қабылданған ТЭК-ке сәйкес қатаң орындалады.

Жұмыс құжаттамасына мыналар кіреді:

- Құрылыс және монтаждау жұмыстарын жүргізуге арналған жұмыс сызбалары;

- Құрылыс бұйымдары мен конструкцияларына арналған жұмыс сызбалары;

- үлгілік емес бұйымдардың жалпы түрлерінің эскиздік сызбалары;

- сметалық құжаттама (9.3.15);

- жобалауға арналған тапсырма негізінде осы құрылыс нормаларына Еқосымшасына сәйкес жасалған және тапсырыс беруші бекіткен қазақстандық қамтуды ескере отырып, негізгі құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары қажеттілігінің жиынтық ақпараты;

- ҚЖҚЖ талаптарына сәйкес құрылыс және монтаждау жұмыстары көлемдерінің ведомостары.

Жұмыс сызбалары ҚЖҚЖ стандарттарының талаптарына сәйкес жасалады.

Металл конструкциялардың және (немесе) технологиялық құбырлардың егжей-тегжейлі сызбаларын дайындаушы зауыттар, ал ауа өткізгіштердің егжей-тегжейлі сызбаларын тиісті арнайы ұйымдар әзірлейді.

10 БІР САТЫЛЫ ЖОБАЛАУ КЕЗІНДЕ ЖОБАЛАУ-СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

10.1 Бір сатылы жобалау кезінде жұмыс жобасы (ЖЖ) бекітілген қала құрылысы жобалары немесе нормалар талаптарына сәйкес жобалау алдындағы құжаттама, сондай-ақ объектілерді жобалауға арналған тапсырмалар негізінде әзірленеді.

10.2 Өндірістік мақсаттағы объектіні салуға арналған жұмыс жобасының (ЖЖ) құрамына мыналар кіреді:

- жұмыс жобасының паспорты (9.3.1);

- энергетикалық паспорт (9.3.2);

- жалпы түсіндірме жазба (10.2.1);

- бас жоспар және көлік (9.3.4);

- технологиялық шешімдер (9.3.6);

- сәулет-құрылыс шешімдері (9.3.8);

- инженерлік жабдықтар, желілер мен жүйелер (9.3.9);
- өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар(9.3.10);
- өнеркәсіптік қауіпсіздік, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі инженерлік-техникалық іс-шаралар (9.3.11);
- террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғау жүйесі (9.3.12);
- құрылысты ұйымдастыру жобасы (9.3.13);
- қоршаған ортаны қорғау (9.3.14);
- құрылыс объектісінің жұмыс сызбалары (10.2.2);
- сметалық құжаттама (9.3.15);
- жобалауға арналған тапсырма негізінде осы құрылыс нормаларына Еқосымшасына сәйкес жасалған және тапсырыс беруші бекіткен қазақстандық қамтуды ескере отырып, негізгі құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары қажеттілігінің жиынтық ақпараты;
- ҚЖҚЖ талаптарына сәйкес құрылыс және монтаждау жұмыстары көлемдерінің ведомостары.

10.2.1 Жалпы түсіндірме жазбаға жұмыс жобасының әрбір бөлімі бойынша негізгі мәліметтер мен түсіндірмелер кіреді, оның ішінде:

- жобаны әзірлеу үшін негіздеме, жобалау үшін бастапқы деректер, құрылыс ауданының әлеуметтік-экологиялық жағдайлары туралы мәліметтер;

- жүргізілген жобалық шешімдердің келісулері туралы мәліметтер; әзірленген жобалық-сметалық құжаттаманың мемлекеттік нормаларға, қағидаларға, стандарттарға, бастапқы деректерге, сондай-ақ объектіні орналастыру орнын келісу кезінде мемлекеттік қадағалау (бақылау) органдары және мүдделі ұйымдар мен тұлғалар берген техникалық шарттар мен талаптарға сәйкестігін растау, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерден ауытқулар туралы келісудің белгіленген тәртібімен ресімделген құжаттар;

- бас жоспар бойынша негізгі көрсеткіштер, оның ішінде: ауданның және құрылыс алаңының қысқаша сипаттамасы, бас жоспар бойынша шешімдер мен көрсеткіштер (аумақты аймақтарға бөлуді ескере отырып), алаңишілік және сыртқы көлік, көлік түрін таңдау;

- құрылыс алаңының инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық жағдайлары туралы мәліметтер, ғимараттар мен құрылыстарды бұзу, көшіру жөніндегі талаптар, құрылыс салу қағидаларын, қала құрылысы тұжырымдамасын сақтау, аумақты абаттандыру жөніндегі іс-шаралар;

- кәсіпорынның, құрылыстың және оның құрамына кіретін өндірістердің қысқаша сипаттамасы, жобалық қуаты мен номенклатурасы, сапасы, сондай-ақ өндірістің технологиялық шешімдері туралы деректер, қолданылатын жабдықтың құрамы мен негіздемесі, бәсекеге қабілеттілігі, өнімнің техникалық деңгейі, шикізат базасы, отынға, суға, жылу және электр энергиясына қажеттілік, шикізатты кешенді пайдалану туралы мәліметтер, өндіріс қалдықтары, қайталама энергия ресурстары;

- негізгі ғимараттар мен құрылыстар бойынша сәулет-құрылыс шешімдерінің қысқаша сипаттамасы және негіздемесі, ғимараттар мен құрылыстардың конструкциялық сызбалары, іргетастар, салмақ түсетін және қоршау конструкциялары, ғимараттардың жабындары мен шатырлары, құрылыстар конструкциялары және т.б.;

- мүгедектердің және халықтың жүріп-тұруы шектеулі өзге де топтарының тіршілік әрекетін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар және қоршау конструкцияларының жылу қорғау қасиеттері жөніндегі шешімдерді және өндірістік шу мен дірілді азайту жөніндегі қағидатты шешімдерді негіздеу, жұмыс істеушілерге тұрмыстық, санитариялық қызмет көрсету;

- инженерлік желілердің, сумен жабдықтау, кәріз, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылыту, желдету және ауаны баптау, инженерлік

жүйелермен қамтамасыз ету (байланыс және сигнал беру, радио және теледидар, сондай-ақ өртке қарсы құрылғылар, найзағайдан қорғау және т.б.) жөніндегі жүйелер мен жабдықтардың шешімдері, инженерлік жүйелерді басқаруды диспетчерлеу және автоматтандыру;

- суды, отынды, жылу және электр энергиясын тұтынуды бақылау, есепке алу және реттеу аспаптарын орнатуды қоса алғанда, олардың шығынын бақылау жөніндегі іс-шаралар;

- төтенше жағдайлардың алдын алу және жарылыс және өрт қауіпсіздігі жөніндегі инженерлік - техникалық іс-шаралар;

- еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып, құрылысты ұйымдастыру бойынша жалпы мәліметтер, санитарлық-эпидемиологиялық іс-шаралар;

- атмосфераға зиянды шығарындылар мен су көздеріне төгінділердің саны мен құрамы туралы деректерді ескере отырып, қоршаған ортаны қорғау туралы мәліметтер және қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарындылары мен төгінділерін болдырмау (азайту) жөніндегі техникалық шешімдер;

- жобаны әзірлеу нәтижесінде алынған ТЭЖ, оларды бекітілген техникалық-экономикалық негіздеменің немесе объектіні салуға инвестициялар негіздемесінің көрсеткіштерімен салыстыру;

- мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілер үшін жобада пайдаланылатын құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары туралы мәліметтер, сондай-ақ тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорына Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған нұсқау.

10.2.2 Әрбір бөлім бойынша жұмыс құжаттамасының құрамы мен мазмұнына, осы құрылыс нормаларының 9.6-кіші бөліміне жауап беретін және ҚЖҚЖ талаптарына сәйкес орындалған жұмыс сызбалары, ерекшеліктер, ведомостар әзірленеді.

10.3 Желілік құрылыстарды салуға арналған жұмыс жобасының құрамы жобалық шешімдер мен талаптарды бағалау үшін толық ақпарат алуға мүмкіндік беретін шарттарды міндетті түрде сақтай отырып, олардың құрылысының ерекшеліктерін және жобалауға арналған тапсырманы ескере отырып белгіленеді және осы құрылыс нормаларының 9.4-бөлімшесінің тиісті талаптарының негізгі ережелерін қамтуға тиіс.

10.4 Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерді салуға арналған жұмыс жобасы мынадай бөлімдерден тұрады:

- жұмыс жобасының паспорты (9.3.1);
- энергетикалық паспорт (9.3.2);
- 10.4.1-тармаққа сәйкес ресімделген және осы құрылыс нормаларының 9.5.1-тармағының қажетті бөлімдерін қамтитын жалпы түсіндірме жазба;
- өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар (9.3.10);
- азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі инженерлік-техникалық іс-шаралар (9.3.11);
- террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесі (9.3.12);

- құрылысты ұйымдастыру жобасы (9.3.13);
- құрылыс объектісінің жұмыс сызбалары (10.4.2);
- металдық құжаттама (9.3.15);
- жобалауға арналған тапсырма негізінде осы құрылыс нормаларына Еқосымшасына сәйкес жасалған және тапсырыс беруші бекіткен қазақстандық қамтуды ескере отырып, негізгі құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары

қажеттілігінің жиынтық ақпараты;

- мүгедек адамдар мен халықтың басқа да қауқары аз топтары үшін қолжетімділік (9.5.7);

- ҚЖҚЖ талаптарына сәйкес құрылыс және монтаждау жұмыстары көлемдерінің ведомостары.

10.4.1 Жалпы түсіндірме жазбаға мыналар кіреді:

- жобаны әзірлеу үшін негіз және жобалау үшін бастапқы деректер;

- құрылыс алаңын таңдаудың негіздемесі, оның ішінде құрылыс үшін ұсынылатын учаскенің сипаттамасы, оның орналасқан жері, мөлшері, қазіргі жай-күйі және пайдаланылуы, аумақтың жай-күйі туралы экологиялық деректер, көлік және инженерлік-құрылыс жағдайлары, инженерлік коммуникациялар және ол арқылы немесе іргелес аумақ бойынша өтетін жолөткелдер, ғимараттар мен құрылыстарды бұзу, көшіру жөніндегі талаптар туралы мәліметтер құрылыс салу қағидаларын;

